№13 (298).
6 мамыр,
2026 жыл

Газет 2010 жылғы 5 мамырдан бастап
«Әділет. БАҚ-Media», «Әділет. Ұлттық апталық»,
«Әділет. Рухани жаңғыру» атауларымен жарыққа шығып келеді.

Әділет. Рухани жаңғыру

Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық газет

Әділдікке құл болып
Кең толғанып, көп ойлап,
Ақылыңмен билік ет,
Түсініп, сезін тармағын.

Бауыржан МОМЫШҰЛЫ,
Кеңес одағының батыры,
Халық қаһарманы, жазушы



adilet-gazeti.kz adilet-gazeti.kz @adilet.media Әділет МедиА zhangyru@mail.ru



БҮГІНГІ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ ӘСЕРІН ЕЛІМІЗ ӘЛІ ТОЛЫҚ СЕЗІНЕ ҚОЙҒАН ЖОҚ

Алматыда Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Жасанды интеллектіні дамыту жөніндегі кеңестің екінші отырысы өтті. Мемлекет басшысы жиында сөйлеген сөзінде әлем технологиялық трансформацияның мүлдем жаңа кезеңіне қадам басқанына назар аударды. Президенттің айтуынша, қазіргі өзгерістер XIX-XX ғасырлардағы индустриялық революциямен салыстыруға келмейді. Өйткені оның жылдамдығы мен ауқымдылығы соншалық, физикалық болмыс пен цифрлық кеңістік арасындағы шекара жойылып барады.

– Жасанды интеллект жаһандық экономиканың басты арқауы, ал үлкен деректер қоры аса маңызды ресурс санала бастады. Сондықтан Қазақстан жасанды интеллектіні аса маңызды стратегиялық бағыт ретінде қарастырады. Алдымызға Қазақстанды заманауи цифрлық мемлекетке айналдыру жөнінде өршіл мақсат қойдық. Тиісті институционалдық алғышарттар мен базалық инфрақұрылым қалыптасты. Енді жасанды интеллект технологиясын экономиканың барлық саласына енгізуіміз қажет. Бұл ретте «технологиялық сақтық шараларын» басшылыққа алып, ұлттық мүддені де ұмытпаған жөн, – деді Президент.

Президент әлемдік деңгейдегі жетекші зертханалардың соңғы деректеріне сүйене отырып, дамыған және дамушы экономикалар арасындағы алшақтық тез ұлғайып келе жатқанын атап өтті.

– Жасанды интеллектінің бір ерекшелігі – капитал да, технология да көшбасшылардың қолына шоғырланады. Уақтылы әрі батыл шешім қабылдамаса, ертең «технологиялық алшақтықты» қысқарту қиынға соғады. Бұл – Қазақстан үшін аландатарлық ахуал. Қазіргі жағдайды егжей-тегжейлі саралап, нақты интеллектуалдық өнімдер жасауға қабілетіміз қаншалықты жететінін анық түсіну керек. Еліміз классикалық «Орта табыс дағдарысына» тап болды деген сарапшылардың пікірімен келіспеске амал жоқ. Мұндай кезде табиғи ресурстар мен арзан жұмыс күші секілді дәстүрлі ресурстар сарқыла бастайды, ал экономикалық өсімге серпін беретін жаңа салалар тиісті деңгейде дамымайды немесе іске қосылмайды. Экономиканың тұралауына жол бермеу үшін үлкен цифрлық платформалар құру қажет. Сол арқылы цифрлық экономикаға жедел ауысу амалын іздеген дұрыс. Мемлекеттік деректердің бірыңғай жүйесі болмаса, жасанды интеллектіден пайда жоқ. Осы орайда мемлекеттік сервистерді көзге көрінбейтін, бірақ өте тиімді операциялық жүйеге трансформациялау керек. Сонда шамадан тыс бюрократиялық талаптардан құтыламыз. Қазіргі жүйе бойынша сұраныс жіберуден бастап шешім қабылдауға дейінгі аралыққа бірнеше күн немесе бірнеше апта кетеді. Негізі, аталған цикл бірнеше секундқа дейін қысқаруға тиіс. Сол кезде елдегі капитал айналымы жеделдей түседі, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Дүниежүзілік банктің мәліметінше, цифрлық экономиканың әлемдік ІЖӨ-дегі үлесі 15 пайыздан асқан. Бұл жаһандық бәсекенің тауар нарығынан дерекқор мен стандарттар нарығына қарай ойысқанын анық көрсетеді.

– Бүгінгі өзгерістердің әсерін еліміз әлі толық сезіне қойған жоқ. Өткен айда Қазақстан бірыңғай кедендік рәсімдеу платформасына өтті. Енді декларация толтыру уақыты бір минуттан аспайды, құжаттардың басым бөлігі автоматты түрде қаралады. Сонымен қатар Smart Cargo ұлттық логистика платформасы жасалып жатыр. Ол 127 дерек көзіне тікелей қосылады. Тұғырнама адал жұмыс істейтін компанияларға шекарадан тез арада өтуге мүмкіндік береді. Салық саласында да түбегейлі өзгерістер орын алды. Салықтық әкімшілендірудің біртұтас жүйесі құжаттарды өңдеу уақытын бір сағаттан бір минутқа дейін қысқартып, екі миллион салық төлеушінің сервисті пайдалануын жеңілдетті. Smart Data Finance платформасының іске қосылуы – елеулі жетістіктердің бірі. Жүйе мобильді аударымдардан бастап ұшақпен сапарлауға дейінгі әрекеттердің бәрін қамтитын 78 дереккөзден аналитикалық мәлімет жинайды. Бюджетке онлайн-мониторинг жасау жүздеген миллиард теңге тәуекелі бар төлемдердің алдын алады. Ұлттық тауарлар каталогына 23 миллионнан астам өнім түрі енгізілді. Осы арқылы мемлекеттік сатып алулардың болжамдық-талдамалық моделі жасалып, жыл сайын 200 миллиард теңгеден астам қаржыны үнемдеуге болады, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев экономиканы цифрландыру заман талабы екенін айтты. Бұл ретте Президент Біріккен Араб Әмірліктері қолма-қол төлемсіз экономикаға көшуді жоспарлап отырғанын мысалға келтірді. Қытайдан да үлгі алуға болады. Көршілес ел жыл сайынғы триллион доллар транзакцияларды цифрлық платформада өңдеу ісін жолға қойды.

– Қазақстан да бұл бағытта оң нәтижеге қол жеткізді: еліміздегі қолма-қол ақшасыз төлемдердің үлесі 80 пайыздан асты. Осы жиынға қатысып отырған отандық фин-тех компаниялар кәсіби деңгейлері жоғары екенін көрсетті. Цифрлық теңгені кеңінен қолдану шын мәнінде «ойын ережесін» өзгертеді. Өйткені бюджеттің ашықтығын қамтамасыз етіп, транзакция үшін алынатын комиссиялық төлемдердің шығынын қысқартады. Бұл Қазақстанның дүние жүзінен көбірек капитал тартып, жетекші инвестициялық және қаржылық орталыққа айналуына көмектесуге тиіс. Былтыр елімізде алғаш рет цифрлық активтер мен криптовалютаны реттейтін құқықтық база қалыптасты. Жылжымайтын мүлікті, алтынды, ірі өндіріс кәсіпорындарының акцияларын және басқа да активтерді токенизация жасауға мүмкіндік пайда болды. Мақсатымыз – аймақтағы жетекші криптохабқа айналу. Үкімет пен Ұлттық банк цифрлық активтерді дамытудың басты бағыттарын бекіткені жөн. Бұл – шұғыл міндет, уақыт күтпейді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, зияткерлік капиталды күшейтіп, еңбек өнімділігін арттырмаса, тек демографиялық өсім бәсекеге қабілетті ел болуға кепілдік бермейді.

– Кеңестің осыған дейінгі отырысында қабылданған шешімге сай биыл Орталық Азиядағы алғашқы Жасанды интеллект университеті ашылады. Шетелдік жоғары оқу орындарымен серіктестік құру арқылы іргелі және қолданбалы ғылымды дамытуды қолға алдық. Бірнеше жобаның тізімі жасалды. Олар барынша жедел таратылуға тиіс. Үкімет қысқа мерзім ішінде «ғылымнан нарыққа дейінгі» кезеңдерді түгел қамтитын тізбек жасауы керек. Алдымызда қолданбалы әзірлемелерді тез арада коммерцияландыру, салықтық ынталандыру және келешегінен көп үміт күттіретін жобаларды бірлесе қаржыландыру құралдары қарастырылған толыққанды венчурлық экожүйе қалыптастыру міндеті тұр. Мұндай пәрменді тетік болмаса, ғылыми әлеуетіміз тек академиялық ортамен шектеліп қалады, – деді Мемлекет басшысы.

Akorda.kz

ҮКІМЕТ ҚҰРАМЫНА БІЛІКТІ МАМАН ҚОСЫЛДЫ

Қызылорда облысының бұрынғы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қазақстан премьер-министрінің бірінші орынбасары болып тағайындалды. "Мемлекет басшысының жарлығымен Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаев Қазақстан Республикасы премьер-министрінің бірінші орынбасары болып тағайындалды, ол бұрынғы атқарған лауазымынан босатылды", - делінген хабарламада.



Айта кетейік, бұған дейін премьер-министрдің бірінші орынбасары лауазымын Роман Скляр атқарды. Ол кеше Президент әкімшілігінің басшысы болып тағайындалды.

Ал Нұрлыбек Нәлібаев 2022 жылғы сәуірден бүгінге дейін Қызылорда облысын басқарды.

Қызылорда облысы әкімдігінің ресми сайтындағы мәлімет бойынша, Нұрлыбек Машбекұлы 1976 жылы Қызылорда облысында туған. Қазақ мемлекеттік аграрлық университетін, Қазақ гуманитарлық заң университетін бітірген.

Еңбек жолын 1997-1998 жылдары аралығында "Казахойл-коммерция" ЖШС мұнай және мұнай өндірісі сарапшысы болып бастаған.

1998-2005 жылдары жеке коммерциялық құрылымдарда басшылық қызметтер атқарған.

2005-2007 жылдары – Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары, бірінші орынбасары.

2007-2008 жылдары – Қызылорда облысы әкімі аппаратының басшысы.

2008-2013 жылдары – Қызылорда облысы Шиелі ауданының әкімі.

2013-2021 жылдары – Қызылорда облысы Қызылорда қаласының әкімі.

2021-2022 жылдары – Қазақстан Республикасы Премьер-министрі Кеңсесінің Өңірлік даму бөлімінің меңгерушісі.

2022 жылғы 7 сәуірде Қызылорда облысының әкімі болып тағайындалды.

"Құрмет" және "Парасат" ордендерімен марапатталған. Қазақстанның құрметті құрылысшысы.

Құрметті Нұрлыбек Машбекұлы, "Әділет. Рухани жаңғыру" газетінің ұжымы Сізді жоғары лауазымға тағайындалуыңызбен құттықтаймыз! Кәсіби біліміңіз бен тәжірибеңіз ел дамуына қызмет етеді деп сенеміз. Алдағы жұмысыңызға табыс, мықты денсаулық және жаңа жетістіктер тілейміз!



ТҮРКИЯНЫҢ ТӨРІНДЕ МҰСТАФА ШОҚАЙ КІТАПТАРЫ

5-бетте »

АРХЕОЛОГ-ҰСТАЗ МАДИЯР ЕЛЕУОВ

8-бетте »



ӨНЕГЕГЕ ТОЛЫ 30 ЖЫЛ: ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ МЕРЕЙЛІ БЕЛЕСТЕРІ

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қазақстандағы көшбасшы оқу ордалары санатында. Бұл іргелі білім ошағы әлемдік ірі рейтингтерде 300-дің ішіне кіретіндігінің өзі көп нәрсені аңғартса керек. Биыл аталмыш университеттің құрылғанына 30 жыл толып отыр. Бұл мерейтойлық белесті оқу ордасы жоғары көрсеткіштермен қарсы алып отыр. Жақында ЕҰУ-нің осы мерейлі белесі Астанада жоғары сән-салтанатпен атап өтілмек. Біз газетіміздің осы нөмірінде білім ордасының бірқатар жаңалықтары мен тұлғалары хақында материалдар жариялап отырмыз.



adilet-gazeti.kz

МҰНДАЙ ЖОБАЛАР ӨҢІРДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРАҚТЫ ӨСІМІНЕ СЕРПІН БЕРЕДІ

Түркістан облысы индустриялық даму мен агроөнеркәсіп саласын әртараптандыруда жаңа кезеңге қадам басты. Өңірде ірі инвестициялық жобалар жүйелі түрде жүзеге асып, өндірістік әлеует күшейіп келеді. Шардара ауданындағы индустриалды аймақта салынып жатқан «Казкрахмал» крахмал-сірне зауыты – өңірдің индустриялық және аграрлық әлеуетін ұштастыратын, экономиканың жаңа драйверіне айналатын маңызды жоба.

Қазіргі таңда шикізатты қабылдау, кептіру және сақтау кешендері іске қосылған. Қазір өндірістік қуаттарды енгізу және қалдықсыз өңдеу технологиясын қолдану жұмыстары жүргізілуде. Зауытта крахмал, сірне, тағамдық глюкоза, мальтоза сиропы, жүгері майы, глютен, кебек және түйіршіктелген құрамажемді қоса алғанда 20-дан астам өнім түрін шығару жоспарланған. Өндірісте тек генетикалық түрлендірілмеген жүгері пайдаланылатын болады.

Биыл толық іске қосылатын өнеркәсіптік жоба – жүгеріні терең өңдеуге бағытталған Қазақстандағы ірі бастамалардың бірі. Жоба толық аяқталған кезде кәсіпорын жылына 150 мың тонна жүгері өңдеп, 26 түрлі өнім шығаруға мүмкіндік алады. Бұл – тек өндіріс көлемін арттыру емес, ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу арқылы қосылған құнды еселеу деген сөз. Яғни, шикізатты экспорттаумен шектелмей, дайын өнім шығару арқылы өңір экономикасының тиімділігі артады. Жалпы инвестициялар көлемі 35 млрд. теңгені құрайды. Кәсіпорынның өнімдері ішкі нарықта да, сондай-ақ Азия мен Еуропа елдерінде де сұранысқа ие болады. Жобаны іске асыру Қазақстанның экспорттық әлеуетін арттырып, өңірдің инвестициялық тартымдылығын жаңа деңгейге көтереді.

Түркістан облысы инвестиция тартуда республика бойынша көш бастап тұр. Бұл бағытта облыс әкімі Нұралхан Көшеровтің жіті бақылауымен жүйелі жұмыстар атқарылып, ірі жобаларға қолдау көрсетілуде. Өңірде индустриалды аймақтар мен арнайы экономикалық аймақтардың әлеуеті тиімді пайдаланылып, жаңа өндіріс орындары ашылуда. «Казкрахмал» – Қазақстан ғана емес, Орталық Азиядағы жүгеріні терең өңдеу саласындағы ең ірі және қарқынды дамып келе жатқан өндірістердің біріне айналады. Кәсіпорынның өндірістік қуаттылығы болашақта 300 мың тоннаға дейін жетіп, әлемнің 100-ден астам серіктесімен жұмыс істеу жоспарлануда.

Инвестициялық жоба екі кезең бойынша іске асырылады. Бірінші кезең аясында жүгеріні қабылдау, кептіру және сақтау инфрақұрылымы қалыптастырылса, екінші кезеңде толыққанды терең өңдеу зауытының құрылысы жүргізілуде. Дегенмен, бүгінгі таңда шикізат базасын қалыптастыру – өзекті мәселенің бірі. Осыған байланысты облыста жүгері егіс алқаптарын ұлғайту бағытында нақты жұмыстар қолға алынған. Шардара, Жетісай және Мақтаарал аудандарында жаңа алқаптар игеріліп, аграрлық секторды әртараптандыруға басымдық берілуде.

«Казкрахмал» зауыты озық технологиялармен жабдықталып, өндіріс процесінің 80 пайызы автоматтандырылған. Бұл өнім сапасын тұрақты бақылауға, шығынды азайтуға және бәсекеге қабілетті өнім шығаруға мүмкіндік береді. Кәсіпорында әлемдік деңгейдегі мамандардың тәжірибесі енгізіліп, халықаралық стандарттарға сай өндіріс жүйесі қалыптастырылған.

Зауытта шығарылатын негізгі өнімдердің бірі – жоғары сапалы жүгері крахмалы мен сірне өнімдері. Бұл өнімдер тамақ, фармацевтика және басқа да өнеркәсіп салаларында кеңінен қолданылады. Кәсіпорын экологиялық талаптарды қатаң сақтай отырып, тұрақты даму қағидаттарына негізделген өндіріс жүргізуді көздейді.

Мұндай жобалар өңірдің экспорттық әлеуетін арттырып қана қоймай, жаңа жұмыс орындарын ашуға, ауыл шаруашылығын дамытуға және жалпы экономиканың тұрақты өсіміне серпін береді.

ТУРИЗМДІ ДАМЫТУ БАҒЫТЫНДА АУҚЫМДЫ ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСУДА

Түркістан облысында туризмді дамыту бағытында жаңа әрі ауқымды жоба жүзеге асырылуда. Кентау қаласына қарасты Хантағы ауылындағы көркем тау бөктерінде заманауи капсулалық демалыс орындары алғаш рет бой көтеруде.

Қазіргі таңда «Хантау» демалыс аймағының құрылысы қарқынды жүргізілуде. Жоба туристерге қолайлы жағдай жасап, өңірдің тартымдылығын арттыруға бағытталған. Жалпы құны шамамен 1 млрд. теңгені құрайтын бұл бастама аймақтың туристік әлеуетін жаңа деңгейге көтермек.

Жоспар бойынша демалыс аймағы бір мезетте 200-ден астам келушіні қабылдай алады. Сонымен қатар, ай сайын 20 мыңға жуық туристке қызмет көрсету көзделуде. Бұл жоба ішкі туризм мен кіру туризмін дамытуға серпін беріп қана қоймай, жаңа жұмыс орындарының ашылуына да ықпал етеді.

Сондай-ақ, инвестор тарапынан инфрақұрылымды дамытуға ерекше мән берілуде. Атап айтқанда, су үстінен көпір салынып, 6 шақырымға дейін электр желілері тартылған. Бұл жұмыстар алдағы уақытта осы аумақта кәсіп бастаймын деген азаматтарға қолайлы жағдай жасап, жаңа жобалардың жүзеге асуына негіз болады.

Аталған демалыс аймағы табиғат аясында сапалы демалыс ұсынатын бірегей орынға айналып, өңір туризмінің жаңа орталығы болары сөзсіз.

ӘРБІР ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕНІҢ АРТЫНДА ЖЕРГІЛІКТІ КӘСІПКЕР, ОБЛЫС ЭКОНОМИКАСЫ ТҰР

Түркістан облысы аумағында кең таралған пайдалы қазбаларды өндірумен айналысатын 221 жер қойнауын пайдаланушы тіркелген. Оның ішінде 75-і келісімшарт негізінде, ал 146-сы лицензия негізінде жұмыс жүргізуде. Бұл туралы облыс әкімінің орынбасары Қанат Қайыпбектің төрағалығымен өткен жиында айтылды. Сонымен қатар өңірдегі заңсыз жер қойнауын пайдаланудың алдын алу және анықталған «қызыл нүктелер» жайы талқыланды.

Облыс әкімінің орынбасары жауапты тұлғаларға жұмысты жүйелеп, өзекті мәселелерді бірге шешу керек екенін жеткізді.

– Әрбір өзекті мәселенің артында халық, жергілікті кәсіпкер, облыс экономикасы тұр. Сондықтан бюрократиядан бас тартып, мәселені шешу керек. Заң аясында жұмыс істеп жатқан кәсіпкерлерге қолдау көрсетіңіздер. Заңсыз қазылған «қызыл нүктелерге» тұрақты түрде мониторинг жүргізіп, тиісті шаралар қабылдаңыздар. Апта сайын рейдтік іс-шаралар ұйымдастырып, кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тартыңыздар, – деген Қанат Қайыпбек хаттамалық тапсырмалардың орындалуы тұрақты бақылауда болатынын айтты.

Жиында облыстық Өнеркәсіп және индустриалды-инновациялық даму басқарма басшысы Нұрлыбек Исаев облыс аумағындағы жер қойнауын пайдалану бойынша жағдайды баяндады. Оның айтуынша, басқарма тарапынан ұсынылған есептерге талдау жүргізіліп, өз міндеттемелерін толық орындамаған жер қойнауын пайдаланушыларға ескерту беріледі. Кемшіліктер белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда, олардың қызметі тоқтатылуы мүмкін. Сонымен қатар маркшейдерлік қызмет көрсету мақсатында мемлекеттік сатып алу порталы арқылы конкурс өткізіліп, жеңімпаз анықталып, тиісті келісімшарт жасалды. Осы жылдың мамыр айында Сайрам ауданындағы жер қойнауын пайдаланушылардың кен орындарына маркшейдер маманымен бірлесіп зерделеу жұмыстарын жүргізу жоспарлануда.

Жер телімдерін рәсімдеу мақсатында іс-шаралар жоспары бекітілді. Сонымен қатар өңірде заңсыз жер қойнауын пайдалану фактілерінің алдын алу мақсатында жүргізілген зерделеу нәтижесінде 22 «қызыл нүкте» анықталды. Жүргізілген талдау нәтижесінде 15 «қызыл нүктенің» жер телімдері жеке тұлғалардың меншігінде екені, ал қалған алтауы аудан әкімдіктерінің ортақ жайылым жерлеріне тиесілі екені анықталды.

Жиын барысында облыс әкімінің тапсырмаларының орындалу барысы бойынша тиісті мекемелер қосымша баяндады.

«ECOCULTURE-EURASIA» ЕҢ ІРІ ЖАБЫҚ АГРОӨНДІРІСТІК НЫСАНДАРДЫҢ БІРІНЕ АЙНАЛМАҚ

Түркістан облысы агроөнеркәсіптік кешенін жаңа деңгейге көтеруге бағытталған ауқымды халықаралық жоба – «Ecoculture-Eurasia» іске асырылуда. Келес ауданы аумағында салынып жатқан заманауи жылыжай кешені Қазақстандағы ғана емес, Еуропадағы ең ірі жабық агроөндірістік нысандардың біріне айналмақ. Ауқымды мегажоба өңірдің ғана емес, тұтас елдің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға, ауыл шаруашылығын индустрияландыруға және экспорттық әлеуетін арттыруға бағытталған стратегиялық бастама саналады.



Жобаның негізгі бағыты – экологиялық таза қызанақ өндіру. Кешенді ресми іске қосу тамыз айына жоспарланған. Алғашқы кезеңнің өзінде 51 гектардан астам аумақта 27 мың тонна өнім өндірілген. Жоба толық жүзеге асқанда жылыжай алқабы 500 гектарға дейін ұлғайтылмақ. Кешен 2030 жылы толық қуатына шығып, жылына 240 мың тоннаға дейін өнім өндіру жоспарланып отыр. Бұл көлем ішкі нарықты толық қамтамасыз етіп қана қоймай, экспортты едәуір арттыруға мүмкіндік береді.

Жоба Мемлекет басшысының агроөнеркәсіптік кешенді дамыту, импортқа тәуелділікті төмендету және азық-түлік қауіпсіздігін күшейту жөніндегі тапсырмалары аясында жүзеге асырылуда. Заманауи технологияларды енгізу арқылы ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыру және оны жаңа индустриялық деңгейге көтеру көзделген.

Инвестициялық жобаның жалпы құны 42 миллиард теңгені құрайды. Қаржыландыруды Қазақстанның Даму банкі қамтамасыз етуде. Қазіргі уақытта құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр, қажетті инфрақұрылым толық тартылған. Кешен электр энергиясы, газ және сумен қамтамасыз етілген.

Жылыжай Нидерландтан жеткізілетін заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталады. Өндіріс процесі толық автоматтандырылған: температураны реттеу, суару, жарықтандыру және өсімдіктерді қоректендіру цифрлық басқару жүйелері арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар тамшылатып суару технологиясы енгізіліп, су ресурстарын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Жоба аясында 1000-нан астам жаңа жұмыс орны ашылады деп күтілуде. Кешен толық қуатына шыққанда тұрақты жұмыспен қамтылғандар саны арта түседі. Сондай-ақ жергілікті тұрғындарды оқыту және олардың біліктілігін арттыруға ерекше көңіл бөлінуде. Бұл өңірдің кадрлық әлеуетін нығайтуға ықпал етеді.

Өндірілген өнім ішкі нарықпен қатар сыртқы нарыққа да бағытталмақ. Негізгі экспорттық бағыт ретінде Ресейдің Сібір және Қиыр Шығыс өңірлері белгіленген. Бұл Қазақстанның жылыжай өнімдері нарығындағы позициясын күшейтіп, өңірлік көшбасшылар қатарына шығуына мүмкіндік береді.

Жобаның серіктесі – жылыжай көкөністерін өндіру саласындағы ірі халықаралық компаниялардың бірі ЭКО-культура агрохолдингі. Қазіргі таңда әкімшілік-тұрмыстық ғимараттар, қоймалар және өндірістік инфрақұрылым нысандарының құрылысы жалғасуда. Бірқатар негізгі техникалық нысандар пайдалануға берілген.

Жалпы алғанда, «Ecoculture-Eurasia» жобасы – Түркістан облысы әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретін, ауыл шаруашылығын жаңа технологиялық деңгейге көтеретін және стратегиялық маңызы жоғары бастама. Бұл жоба Қазақстанның аграрлық секторын жаңғырту бағытындағы нақты нәтижелердің айқын көрінісі.

МАЛ СҮЙЕГІНЕН ТҮРЛІ БИОЛОГИЯЛЫҚ ӨНІМДЕР ӨНДІРУ ЖОСПАРЛАНУДА

Түркістан облысы әкімінің орынбасары Қанат Қайыпбек Ордабасы ауданына арнайы жұмыс сапарымен келіп,







өңірде жүзеге асырылып жатқан инвестициялық жобалардың барысымен танысты.

Жұмыс сапары барысында облыс әкімінің орынбасары бірқатар өндірістік нысандарды аралап, олардың іске асырылу барысын зерделеді.

Атап айтқанда, «Central Asia Aluminum Company» ЖШС-нің алюминий профильдерін өндіру зауытының жұмысымен танысты. Бұл жоба құрылыс саласына қажетті алюминий өнімдерін шығарып, ішкі нарықты сапалы өніммен қамтуға бағытталған. Сондай-ақ, «HUATING BIOTECHNOLOGY Co., LTD» компаниясының ірі қара мал сүйегін өңдеу жобасының құрылыс барысы тексерілді. Жоба арқылы қалдықсыз өндіріс қағидатына негізделіп, мал сүйегінен түрлі биологиялық өнімдер өндіру жоспарлануда. Бұдан бөлек, «KAZ KIOTI» ЖШС-нің ауыл шаруашылығы техникаларын құрастыру зауыты таныстырылды. Кәсіпорында тракторлар құрастырылып қана қоймай, су үнемдеу технологиялары – жаңбырлатып суару қондырғылары өндірілуде. Сонымен қатар жоғары қысымды температурада шыны өңдеу және ауыл шаруашылығы мен құрылыс саласына қажетті өзге де өнімдер шығаратын цехтар жұмыс істейді.

Темірлан өндірістік паркінде де құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізіліп, бірқатар инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда. Нақтырақ айтқанда, «ASIA ENERGY Co» ЖШС күн панельдеріне арналған бөлшектер өндіру, «FAÇADE COMPANY» ЖШС шыны өнімдерін шығару, «ALMEN GROUP» ЖШС кір жуғыш ұнтақ өндіру, «Қарабатыр Агро» ЖШС металл бұйымдарын шығару ісін қолға алған. Сонымен қатар бұл аймақта «Югстройтехнология» ЖШС-нің газобетон блоктары мен ішкі қабырға плиталарын өндіру, «Alem Euro PIR» ЖШС-нің сендвич панель (PIR) шығару, «Steel Frame» ЖШС-нің металл конструкциялар өндірісі, «Bolashakbal» ЖШС-нің корпус жиһаздарын өндіру жобасы іске асырылуда.

Одан бөлек, кәсіпкерлік бағытта жол бойы сервистік қызмет көрсету нысандары мен қоғамдық тамақтану орындары ашылуда. Атап айтқанда, жеке кәсіпкер «Смайыл» тарапынан тамақтану орны, автосервис және тұрақ аймағы бар кешен, «M Trade – 19» ЖШС-нің жол бойы сервис нысаны, сондай-ақ жеке кәсіпкер Ә. Әлімбековтің мейрамханасы мен «Темірші» демалыс аймағы жүзеге асырылуда.

Облыс әкімінің орынбасары аталған жобалардың өңір экономикасын дамытуда маңызы зор екенін атап өтіп, олардың уақытылы әрі сапалы іске асырылуын бақылауда ұстауды тапсырды.

Айта кетейік, Ордабасы ауданында жүзеге асырылып жатқан инвестициялық жобалар жаңа жұмыс орындарын ашуға, өндіріс көлемін арттыруға және ауданның әлеуметтік-экономикалық әлеуетін нығайтуға мүмкіндік береді.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ – ЖОҒАРЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ БАР СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӨҢІР

Түркістан облысы әкімінің орынбасары Қанат Қайыпбек Қытайдың іскерлік және сараптамалық ортасының өкілдерімен маңызды кездесу өткізді. Делегацияны Қытайдың Дүниежүзілік сауда ұйымын зерттеу қоғамы кеңесінің мүшесі, «Huahe International» халықаралық бизнес-консалтингтік компаниясының негізін қалаушы әрі президенті Лю Чуаньу бастап келді. Кездесуге облыстық басқармалар басшылары, сондай-ақ өнеркәсіп, құрылыс, энергетика және сауда салаларында жұмыс істейтін ірі қытайлық компаниялардың өкілдері қатысты.

Тараптар Қазақстан мен Қытай арасындағы стратегиялық әріптестіктің маңызын атап өтіп, сауда-экономикалық байланыстарды кеңейту, инвестициялық ынтымақтастықты нығайту және өзара тиімді жобаларды жүзеге асыру мәселелерін жан-жақты талқылады. Келіссөздер барысында ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу, құрылыс материалдарын өндіру, тау-кен өнеркәсібі, өндірістік кооперацияны дамыту және жаңа кәсіпорындар ашу бағыттарында бірлескен жобаларды іске асыру мүмкіндіктері қарастырылды.

Облыс әкімінің орынбасары өңірдің инвестициялық әлеуетіне тоқталып, инвесторлар үшін жасалған қолайлы жағдайларды атап өтті. Бүгінде Түркістан облысында 21 индустриялық аймақ, шағын өнеркәсіптік парктер және салықтық әрі кедендік жеңілдіктер қарастырылған арнайы экономикалық аймақ табысты жұмыс істеп келеді. Сонымен қатар өңір ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру бойынша республикада жетекші орында және қайта өңдеу өнеркәсібін дамытуға зор мүмкіндікке ие.

– Түркістан облысы – жоғары экономикалық әлеуеті бар стратегиялық өңір. Біз инвесторларға жан-жақты қолдау көрсетуге және бірлескен жобаларды тиімді іске асыруға дайынбыз, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Өз кезегінде Лю Чуаньу Түркістан өңірінің инвестициялық мүмкіндіктеріне жоғары баға беріп, қытайлық бизнес өкілдерінің Қазақстанмен, соның ішінде Түркістан облысымен ынтымақтастықты кеңейтуге қызығушылығы жоғары екенін жеткізді.

Айта кетейік, «Huahe International» компаниясы 2010 жылы құрылған және Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы инвестициялық әріптестікті дамытуға маманданған. Компания инвестициялық жобаларды сүйемелдеу, нарықтық талдау жүргізу және трансшекаралық ынтымақтастықты дамыту бағытында белсенді жұмыс атқарады.

Бұл кездесу Түркістан облысының халықаралық экономикалық байланыстарын кеңейтіп, жаңа инвестициялық жобаларды тартуға бағытталған маңызды қадамдардың бірі болды.

«БІЗДІҢ МАҚСАТЫМЫЗ – ТҰРҒЫНДАРДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ, КӘСІПОРЫНДАР АШУ»

Түркістан облысында еңбек қатынастарын заңдастыру, халықтың әл-ауқатын арттыру, кедейлік деңгейін төмендету бағытындағы жұмыстар күшейтілді. Аталған салалардағы өзекті мәселелер облыс әкімі Нұралхан Көшеровтің төрағалығымен өткен мәжілісте қаралды. Облыс әкімі кемшілікке жол берген жауапты басқарма басшылары мен аудан, қала әкімдеріне сын-ескертпе айтып, жұмысты ширатуды тапсырды.

– Еңбек шарттарын тіркемеген, міндетті зейнетақылары аударылмаған, жазатайым оқиғадан сақтандыру бойынша тиісті шарттарын жасамаған мекемелердің тізімін жасақтап, кемшілікті толық ретке келтіру қажет. Атаулы әлеуметтік көмек алушылардың санын заңға сай азайтуымыз керек. Ол үшін жаңа жұмыс орындарын ашу, аймақтағы кәсіпорындар мен мекемелермен байланыс орнатып, оларды тиісті жұмыссшылармен қамту шараларын күшейтіңіздер. Біздің мақсатымыз – тұрғындарды жұмыспен қамту, кәсіпорындар ашу. Сонда ғана экономика көтеріліп, өзіндік кіріс ұлғаяды, – деді Нұралхан Көшеров.

Жиында облыс әкімінің орынбасары Нұрбол Тұрашбеков баяндама жасап, өңірдегі нақты жағдай мен алдағы міндеттерді айқындады. Түркістан облысы бойынша еңбек қатынастарының рәсімделуі әлі де өзекті мәселе болып отыр. Мемлекеттік еңбек инспекциясының мәліметіне сәйкес, өңірдегі 3329 мекемеде 10449 қызметкермен еңбек шарттары тіркелмеген. Әсіресе, кәсіпкерлік, білім беру, әлеуметтік және ауыл шаруашылығы салаларында мұндай фактілер жиі кездеседі. Бұдан бөлек, 2601 мекемеде 7677 адаммен еңбек шарты жасалмаған, 15234 мекемеде 55790 қызметкерге міндетті зейнетақы жарналары аударылмаған, кейбір мекемелерде қызметкерлер жазатайым оқиғалардан сақтандырылмаған. Бұл көрсеткіштер еңбек заңнамасының талаптарын сақтауды күшейтуді және жұмыс берушілердің жауапкершілігін арттыруды талап етеді. Жауаптыларға осы кемшіліктерді жою, жұмысшылардың құқығын қорғау бойынша нақты тапсырмалар берілді.

Облыста халықты әлеуметтік қолдау және кедейлікті азайту бағытында да жүйелі жұмыстар жүргізілуде. 2026 жылы 59062 адамға атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге 6,5 млрд. теңге қарастырылып, кедейлік деңгейін 2,7%-ға дейін төмендету жоспарланған. Жылдың бірінші тоқсанында 36 890 адамға (5960 отбасы) 1,6 млрд. теңге көлемінде көмек тағайындалып, төленді. Облыста кәсіпорындар ашып, жұмыспен қамту нәтижесінде кедейлік деңгейі 1,7%-ға дейін төмендеп, атаулы әлеуметтік көмек алушылар саны 40,7%-ға азайған. Соңғы бес жылда бұл көрсеткіш тұрақты түрде төмендеп, 2022 жылмен салыстырғанда 68,6%-ға қысқарған.

Сонымен қатар Сауран, Отырар және Ордабасы аудандарында жүргізілген мониторинг барысында 675 отбасының тұрмыстық жағдайы зерделеніп, 115 кемшілік анықталды. Оның ішінде 5,3 млн теңге көлеміндегі әлеуметтік көмек негізсіз тағайындалғаны белгілі болып, бұл қаражатты бюджетке қайтару қажеттігі белгіленді. Аталған кемшіліктер бойынша жауапты мекемелерге нақты тапсырмалар берілді.

Кедейлікті төмендетудің тиімді тетіктерінің бірі ретінде «Ауыл аманаты» жобасы жүзеге асырылып келеді. Сауран ауданы пилоттық аумақ ретінде таңдалып, отбасының цифрлық картасындағы «D» және «E» санатындағы азаматтарды «C» деңгейіне шығару бағытында жұмыстар жүргізілуде. Жоба аясында арнайы жұмысшы топ құрылып, тұрғындарға кооперативтерге бірігу, жеңілдетілген 2,5 пайыздық несие алу және тұрақты жұмысқа орналасу мүмкіндіктері түсіндірілді. Нәтижесінде 32 азамат шағын несие алып, өз кәсібін бастауға ниет білдірсе, 46 адам бұғатталған банктік шоттарын қалпына келтіруге әрекет жасаған. Жобаға «LIHUA GROUP» және «JASYL SUYQ QAZAQSTAN» сынды инвесторлардың тартылуы жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік беріп отыр.

Облыста зауыттар мен өндіріс орындарын ашу, жұмысшыларды заңға сәйкес еңбек шарттары мен зейнетақы төлемдерімен қамту бағытындағы жұмыстар жалғасады.

ЖҰМСАҚ ЖИһАЗ ШЫҒАРАТЫН КӘСІПОРЫН

Түркістан облысында өңір басшысы Нұралхан Көшеровтің тапсырмасымен өндіріс орындарын ашу жұмыстары күшейтілді. Аймақтардың ерекшеліктері зерделеніп, негізгі бағыттары айқындалған. Осы ретте Сауран ауданына қарасты Қарашық ауылдық округінде жаңа өндіріс орны жұмысын бастады. Жеке кәсіпкер Нуришев Дилшат басқаратын «Soft Line» кәсіпорны жұмсақ жиһаз өндіруге маманданған.

Жобаның жалпы құны 250 миллион теңгені құрайды. Өндіріс орны іске қосылуы нәтижесінде 30 адам тұрақты жұмыспен қамтылып отыр.

Аталған жоба өңірдегі шағын және орта бизнесті дамытуға серпін беріп, жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтуға өз үлесін қосып жатыр.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР ЖАН-ЖАҚТЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровтің тапсырмасына сәйкес тұрғындар арасында жұмыссыздық деңгейін төмендету және өңірдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыру мақсатында Жетісай ауданында инвестиция тарту жұмыстарын жүйелі, қарқынды жүзеге асырылып келеді. Бұл бағытта арнайы индустриялды аймақ құрылып, өндірістік парк ашу ісі қолға алынған.

Биыл аудан әкімдігі тарапынан әлеуетті жобаларды іске асыруға ынталы инвесторларымен жүргізілген келіссөздердің нәтижесінде бүгінде индустриалды аймақта жалпы құны 31,2 млрд. теңгені құрайтын 9 жобаны, өндірістік паркте құны 210 млн теңгені құрайтын 5 өндіріс орындарын іске қосу арқылы 1200-ге жуық тұрғынды тұрақты жұмыспен қамту көзделген.

Жуырда аудан әкімі Серік Мамытовтың төрағалығымен инвестициялық штаб отырысы өтіп, күн тәртібінде осы жылы іске асырылып жатқан және іске асырылуы жоспарланған жобалардың өзекті мәселелері сөз болды.

Офлайн және онлайн форматында өткен жиында тараптар аудан аумағында жүзеге асырылуы жоспарланған инвестициялық жобалардың негізгі бағыттарына тоқталып, оларды іске асыру мүмкіндіктері мен кезең-кезеңімен атқарылатын жұмыстарды жан-жақты талқылады.

Инвестиция тарту – өңірдің тұрақты дамуының негізгі бағыттарының бірі екенін айтқан аудан басшысы ұсынылған жобаларды жүзеге асыруға қажетті барлық қолдауларды көрсетуді сала басшыларына жүктеді.

«КҮМІС ЖАС» ЖОБАСЫ СӘТТІ ЖАЛҒАСУДА

Түркістан облысында зейнет жасына жақындаған азаматтарды жұмыспен қамтуға бағытталған «Күміс жас» жобасы аясында жүйелі жұмыстар жалғасып жатыр.

2023-2025 жылдар аралығында жобаға жолданған азаматтардың ішінен 4688 адам 2026 жылы да қызметін жалғастыруда. Бұл көрсеткіш аталған бағдарламаның тиімділігін айқын көрсетеді.

Ал 2026 жылға белгіленген жоспар бойынша 1100 азаматты жұмыспен қамту көзделген болатын. Бүгінгі таңда бұл жоспар толықтай орындалып отыр.

Аталған жоба еңбек нарығында тәжірибесі мол азаматтарды қолдауға, олардың тұрақты табыс табуына және әлеуметтік белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.

ДАЙЫН ӨНІМДІ ӨЗБЕКСТАН МЕН ТӘЖІКСТАНҒА ЭКСПОРТТАУ ЖОСПАРДА

Түркістан облысы Сарыағаш ауданының Дарбаза ауылдық округінде орналасқан индустриялық аймақта «Альбарака 077» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өсімдік майын өндіру зауыты салтанатты түрде ашылып, кәсіпорын жұмысын бастады. Жаңа нысанның ашылу рәсіміне аудан әкімі Арман Абдуллаев қатысты.

Аталған жобаның жалпы инвестициялық құны 1 миллиард теңгені құрайды. Зауыттың іске қосылуы нәтижесінде 25 жергілікті тұрғын тұрақты жұмыспен қамтылып, өңірдегі әлеуметтік-экономикалық ахуалдың жақсаруына оң әсерін тигізеді. Кәсіпорынға индустриялық аймақ аумағынан жалпы көлемі 3 гектар жер телімі бөлінген. Өндіріс орнында заманауи технологиялық жабдықтар



орнатылып, тәулігіне 50 тонна өсімдік майы және 65 тонна мал азығын өндіру мүмкіндігі қарастырылған. Бұл көрсеткіштер өңірдің өндірістік әлеуетін арттырып қана қоймай, ауыл шаруашылығы саласының дамуына да серпін береді.

Кәсіпорын басшысы Абдулбосид Мамадалиев зауыттың өндіріс барысымен таныстырып, алдағы уақытта дайын өнімді Өзбекстан мен Тәжікстан мемлекеттеріне экспорттау жоспарланып отырғанын жеткізді.

ІШКІ НАРЫҚТЫ ЕРТЕ КӨКӨНІСПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ МҮМКІНДІК

Сарыағаш ауданы Жартытөбе ауылында ерте пісетін қырыққабаттың алғашқы өнімі жинала бастады. Аудан әкімі Арман Абдуллаев Жартытөбе ауылдық округіне арнайы барып, ашық егіс алқабындағы жиын-терім жұмыстарымен танысты. Шаруалардың еңбегіне табыс тілеп, ауыл шаруашылығы саласының дамуына оң бағасын берді.

Қазіргі таңда Жартытөбе ауылдық округінің дикандары әлеуметтік маңызы жоғары дақыл – қырыққабатты жинап, өнімді еліміздің солтүстік өңірлеріне жөнелтуде. Бұл өз кезегінде ішкі нарықты ерте көкөніспен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Құрама елді мекенінің тұрғыны Срайыл Бадалов – «Мухаммеджан» шаруа қожалығының иесі. Ол 0,25 гектар жерге қырыққабат егіп, жыл сайын шамамен 15 тонна өнім алуда.

ЖЕТІСАЙДА ЖАҢА ӨНДІРІС ОРНЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Түркістан облысы Жетісай ауданында шағын және орта бизнесті дамыту бағытында жаңа өндіріс орны іске қосылды. Жетісай қаласында орналасқан «Жасурбек строй» шағын цехы темір







сымнан тоқылған қоршаулар өндірумен айналысады.

Кәсіпорын 2026 жылдың наурыз айында кәсіпкердің жеке инвестициясы есебінен ашылған. Өндірістік қуаттылығы тәулігіне 1500 погонометрді құрайды. Қазіргі таңда цехта 2 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Өндіріске қажетті шикізат Шымкент қаласынан жеткізіледі.

Жетісай ауданының әкімі Серік Мамытов жұмыс сапарымен аталған нысанда болып, өндіріс барысымен танысты. Кездесу барысында кәсіпкер Жасурбек Сабиров қазіргі таңда жергілікті тұрғындар мен құрылыс компанияларының тапсырыстары бойынша жұмыс істеп жатқанын жеткізді.

Сондай-ақ кәсіпкер алдағы уақытта өндіріс көлемін ұлғайтып, кәсібін кеңейту мақсатында мемлекеттік бағдарламалар аясында жеңілдетілген несие алуға ниетті екенін атап өтті. Аудан әкімі өз кезегінде кәсіпкерге өндеу өнеркәсібіндегі жобаларды мемлекеттік қолдау мен кәсіпкерлік қызметті реттеу саласындағы заңнамалар аясында қаржыландыру, өндіріске қажетті инфрақұрылымдарды дамыту және мемлекет тарапынан қарастырылған басқа да қолдаулар мен жеңілдіктерді түсіндіріп, пікір алмасты.

Айта кетейік, Жетісай ауданында шағын және орта бизнесті дамыту бойынша мемлекеттік бағдарламалар жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Бұл өз кезегінде жаңа жұмыс орындарын ашуға және өңір экономикасының тұрақты дамуына оң әсерін тигізуде.

АУЫЛ ХАЛҚЫ ҮШІН 2,5 ПАЙЫЗБЕН НЕСИЕ БЕРУ – ҮЛКЕН ҚОЛДАУ

Түркістан облысында «Ауыл аманаты» бағдарламасы ауылдық жерлердегі кәсіпкерлікті дамытудың нақты әрі нәтижелі тетігіне айналып отыр. «AMANAT» партиясының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан жоба халықтың табысын арттыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және жергілікті өндірісті кеңейтуге бағытталған. Бұл бастама Мемлекет басшысының тапсырмасымен іске асырылып, «Amanat» партиясының Сайлауалды бағдарламасына енгізілген.

Қазығұрт ауданында бұл бағдарламаның тиімділігі нақты көрсеткіштермен дәлелденуде. Атап айтқанда, 2026 жылы аудан бойынша 131 жобаны қаржыландыруға 1 млрд. 204 млн теңге бөлінген. Ал жалпы Түркістан облысы бойынша 2023-2025 жылдар аралығында «Ауыл аманаты» бағдарламасына 30 млрд. 200 млн теңге қаралып, 3790 жоба жүзеге асырылған. Нәтижесінде 4600-ден астам жаңа жұмыс орны ашылған.

Бағдарлама аясында табысты жұмыс істеп отырған кәсіпкерлердің бірі Рабат ауылындағы жеке кәсіпкер Насихат Шораева. Ол 2,5 пайыздық жеңілдетілген несие арқылы 8 млн теңге қаржы алып, 16 бас сауынды сиыр сатып алған. Қазіргі таңда оның 7 сауынды сиырынан тұрақты түрде өнім алынып, сүт жергілікті сауда орындарына өткізілуде. Кәсіпкер күніне шамамен 20 литр сүт өндіріп, одан 3 келі құрт және 3 келі май дайындайды. Өнімдері жоғары сұранысқа ие, әрқайсысы 4000 теңгеден сатылуда.

Кәсіпкер жоба тиімділігін ерекше атап өтіп, ауыл тұрғындарын осындай жобаның тиімділігін көруге шақырды.

— «AMANAT» партиясына алғысым шексіз. Ауыл халқы үшін 2,5 пайызбен несие беру үлкен қолдау. Қазіргі таңда өндірген өніміміз ауыл ішінде толық өтеді. Күн сайын тұтынушыларымыз келіп, кезекке тұрып алады. Алдағы уақытта шаруашылығымды кеңейтіп, үлкен қора салып, сиыр фермасын ашсам деген жоспарым бар», – дейді Насихат Шораева.

Жалпы «Ауыл аманаты» бағдарламасы ауылдағы нақты табыс көзін қалыптастырып қана қоймай, тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға, еңбекке деген ынтасын күшейтуге және ауыл экономикасын жүйелі дамытуға негіз болып отыр.

ТӨЛЕБИДЕ БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚАРҚЫНДЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ

Төлеби ауданында балық шаруашылығы саласы қарқынды дамып келеді. Осы бағыттағы ірі жобалардың бірі – «FISH HOUSE» ЖШС. Аудан әкімі Еркеғали Әлімқұлов кәсіпорынға арнайы барып, оның өндірістік қызметімен танысты. Киелітас ауылдық округінде орналасқан нысанды аралау барысында аудан басшысы балық шаруашылығын дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға оң бағасын беріп, саланың әлеуеті жоғары екенін атап өтті.

Аталған жобаның жалпы инвестициялық құны 500 млн теңгені құрайды. Кәсіпорынның өндірістік қуаттылығы жылына 450 тонна балық өсіруге мүмкіндік береді. Жоба аясында 25 жаңа жұмыс орны құрылған. Қазіргі таңда серіктестік сазан шабағы мен бекіре тұқымдас балықтарды өсірумен айналысуда. Сапар барысында жеке кәсіпкер Нұртас Шағыров шаруашылықтың алдағы жоспарлары жөнінде баяндады. Оның айтуынша, кәсіпорында сазан балығын уылдырық арқылы көбейту және арнайы тоғандарда бекіре тұқымдас балықтарды өсіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Бекіре балығын өсіру үшін таза су мен тұрақты бақылау қамтамасыз етілген.

САУРАНДА ӨНДІРІС ҚАРҚЫНЫ АРТЫП КЕЛЕДІ

Түркістан облысы Сауран ауданындағы өндірістік парк аумағында жаңа жобалар іске асырылып жатыр. Түркістан облысы әкімінің орынбасары Қанат Қайыпбек арнайы Сауран ауданына жұмыс сапарымен барып, бірқатар нысанды аралады. Жобалардың жүзеге асу қарқынын бағалап, жауапты тұлғалармен кездесті.

Іссапар барысында «Avatar Agricultural Technology Development» ЖШС-нің ауыл шаруашылығына арналған дрондар шығару жобасына ерекше назар аударылды. Құны 500 млн теңгені құрайтын бұл жоба аясында жылына 600 дана агродрон өндіру жоспарланған. Қазіргі таңда өндірістік алаң дайындалып, қажетті құрал-жабдықтар толық орнатылған. Дрондардың сынамалық үлгісі әзірленген. Сонымен қатар жобаны толық іске қосу үшін бірқатар рұқсат құжаттарын алу жұмыстары жүргізілуде. Оның ішінде, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органдардан тиісті рұқсат алу процестері жалғасуда. Облыс әкімінің орынбасары бұл бағыттағы жұмыстарды жеделдету қажеттілігін жеткізді.

Бұдан бөлек, «Юпитер М» ЖШС жүзеге асырып жатқан жаңбырлатып және тамшылатып суару жүйелерін өндіру жобасы таныстырылды. Құны 1,5 млрд. теңгені құрайтын кәсіпорын бүгінде толық қуатында жұмыс істеп тұр. Жобаның жылдық өндірістік қуаты – 1750 тонна.

Қазіргі таңда зауыт өнімдері ішкі нарықпен қатар экспортқа бағытталып, ай сайын Өзбекстанға жөнелтілуде. Кәсіпорында 20 жаңа жұмыс орны ашылған. Өндірістік инфрақұрылым толық қалыптасып, барлық қажетті жабдықтар іске қосылған.

Жалпы, жұмыс сапары барысында облыс әкімінің орынбасары жобалардың іске асырылу деңгейін оң бағалады. Сонымен қатар жекелеген әкімшілік және рұқсат беру рәсімдерін оңтайландыру мәселесі көтеріліп, жауапты мекемелерге нақты тапсырмалар берілді.

Облыс әкімінің орынбасары Қанат Қайыпбек әкімдік тарапынан инвестициялық жобаларды сүйемелдеу және кәсіпкерлерге қолдау көрсету жұмыстары алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасатынын атап өтті. Сондай-ақ, инвесторларға сәттілік тілеп, бірлескен жұмыстың маңыздылығына тоқталды.

adilet-gazeti.kz

ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАУ БАҒЫТЫНДА БІРҚАТАР ТИІМДІ ТЕТІКТЕР ІСКЕ АСЫРЫЛУДА

Созақ ауданында жастармен ашық форматтағы кездесу өтіп, өңір жастарының мәселелері мен ұсыныстары жан-жақты талқыланды. Іс-шара Түркістан облыстық мәслихатындағы «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі, депутат Бегімбет Байғараевтың қатысуымен, аудандық «Жастар ресурстық орталығы» ғимаратында ұйымдастырылды. Кездесуге орталық басшысы Ербол Ержігітов және ауданның белсенді жастары қатысты.

Жиын барысында «AMANAT» партиясының 2023-2027 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасының орындалу барысы кеңінен сөз болды. Депутат Жол картасы аясында жастарды қолдауға бағытталған нақты жобалар кезең-кезеңімен жүзеге асып жатқанын атап өтті.

Атап айтқанда, Созақ ауданында жастарды жұмыспен қамту және қолдау бағытында бірқатар тиімді тетіктер іске асырылуда. «Жастар практикасы» арқылы жас мамандарды еңбекке бейімдеу, «Алғашқы жұмыс орны» жобасы арқылы тұрақты жұмыспен қамту, сондай-ақ жеңілдетілген несиелеу бағдарламалары жастардың кәсіп бастауына мүмкіндік беріп отыр. Бұдан бөлек, «Жасыл ел» еңбек жасақтары арқылы жазғы маусымда жастар уақытша жұмыспен қамтылып, еңбек тәжірибесін жинауда.

Кездесу барысында депутат партияның жастар саясатына ерекше мән беріп отырғанын, әрбір бастама нақты нәтижеге бағытталуы тиіс екенін жеткізді. Оның айтуынша, Жол картасындағы әрбір бағыт жастардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға және олардың әлеуетін арттыруға арналған жүйелі саясаттың бір бөлігі.

Жиын ашық диалог форматында өтіп, жастар өз ой-пікірлерін еркін жеткізді. Олар жұмыспен қамту, кәсіпкерлікті қолдау, білім және тәжірибе жинау мүмкіндіктеріне қатысты сұрақтар қойып, нақты ұсыныстарын ортаға салды. Барлық ұсыныстар назарға алынып, тиісті деңгейде қаралатыны айтылды.

Кездесу қорытындысында депутат жастармен мұндай ашық форматтағы диалогтардың тұрақты түрде өткізіліп тұратынын атап өтіп, әрбір ұсыныс партиялық бақылауда қаралатынын жеткізді.

Кездесу «AMANAT» партиясының жастармен жүйелі жұмыс жүргізіп, олардың бастамаларын қолдауға және нақты нәтижеге бағытталған жобаларды іске асыруға басымдық беріп отырғанын көрсетті.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ ПЕН ТӘРБИЕНІҢ ТОҒЫСЫ

Түркістан облысында «AMANAT» партиясы Сауран аудандық филиалының ұйымдастыруымен партияның «Мәдени мұра» жобасы аясында ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған маңызды мәдени шаралардың бірі «AMANAT ARUY – 2026» байқауы өтті.

Аудандағы 13 бастауыш партия ұйымынан іріктелген арулар арасында ұйымдастырылған байқау қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын насихаттауға, жас қыздардың бойына инабаттылық, парасаттылық пен ұлттық тәрбиені сіңіруге ұлттық киім, өнер және қолөнер арқылы халықтық мұраны дәріптеуге бағытталды.

Шорнақ ауылындағы мәдениет үйінде өткен сайысқа қоғам белсенділері, депутаттар, аудан тұрғындары, әжелер кеңесі мен партия өкілдері қатысты. Байқаудың ашылу салтанатында сөз алған облыстық мәслихаттағы партиялық фракция мүшесі, депутат Баймахан Сүлейменов байқаудың сұлулық сайысы ғана емес, ұлттық тәрбие мен рухани құндылықтарды дәріптейтін маңызды алаң екенін атап өтті. Ал, «AMANAT» партиясы Сауран аудандық филиалының төрағасы Сағынбек Асылбеков бұл жобаның маңыздылығына ерекше тоқталды.

— «Ұлттық мұра» бұл мәдени жоба ғана емес, ұлттың болмысын сақтауға бағытталған идеологиялық алаң. «Amanat» партиясы үшін ұлттық тәрбие, салт-дәстүрді жаңғырту басты басымдықтардың бірі. Бүгінгі байқау арқылы біз қазақ қызының бойындағы әдептілік пен парасаттылықты, өнер мен білімді ұштастыра білген тұлғаларды насихаттаймыз. Мұндай бастамалар жас ұрпақты тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады, – деді ол.

Байқауға қатысушы арулар бірнеше кезең бойынша бақ сынады. Атап айтқанда, «Таныстыру» кезеңінде қатысушылар өздерін таныстырып, өмірлік ұстанымдары мен мақсаттарын ортаға салды. «Сұрақ-жауап» бөлімінде қазақтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы бойынша білімдері сыналды. Ал «Өз өнерін көрсету» кезеңінде қыздар ән айтып, би билеп, күй орындап, өздерінің шығармашылық қабілеттерін паш етті. Соңғы «Салт-дәстүр көрінісі» кезеңінде қатысушылардың қазақтың ұлттық рәсімдерін сахналық қойылыммен ұштастыруы көпшіліктің жүрегінен орын алып, өткен мен бүгінді жалғаған тағылымды сәттерге айналды.

Іс-шара соңында жеңімпаздар анықталып, арнайы марапаттарға ие болды. Бас жүлде «Шаға» бастауыш партия ұйымының аруы Гүлназ Орынбайға бұйырса, бірінші орынды «Яссы» БПҰ-нан Дилназ Нариманова, екінші орынды «Жаңа Иқан» БПҰ-нан Махбуба Ташполат және үшінші орынды «Ораңғай» бастауыш партия ұйымынан қатысқан Аружан Жаңабек иеленді. Барлық қатысушыға белсенді атсалысқаны үшін Алғыс хат табыс етілді.

”AMANAT ARUY – 2026» байқауы партияның «Ұлттық мұра» жобасы аясында жүзеге асып жатқан нақты жұмыстардың бір көрінісі. Мұндай жобалар ұлттық мәдениетті сақтауға, жастардың тәрбиесіне оң ықпал етіп, қоғамда рухани құндылықтарды нығайтуға бағытталған.

ЖАС ӨНЕРТАПҚЫШТАР МҮМКІНДІКТЕРІН БАЙҚАТТЫ

Қазығұрт ауданында облыстық «IT Jas IQ» атты робототехника байқауы өтті. Түркістан облыстық қоғамдық даму басқармасына қарасты «Жастар ресурстық орталығы» мекемесінің ұйымдастыруымен өткен сайысқа өңірдің жалпы және мамандандырылған білім беру ұйымдарынан келген 8-11 сынып оқушылары қатысып, өзара бақ сынады. Іс-шараның басты мақсаты – оқушылардың инженерлік ойлау қабілетін дамыту, робототехника мен бағдарламалау саласына қызығушылығын арттыру және шығармашылық әлеуетін шыңдау.

Іс-шараның ашылу салтанатына ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Жастар және отбасы істері комитетінің басқарма басшысы Мансия Есекеева, Қазығұрт ауданы әкімінің орынбасары Мақсат Беркінбай, сондай-ақ облыстық «Жастар ресурстық орталығы» мекемесінің басшысы Ернар Бектаев қатысып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Байқау «FIRST LEGO League Challenge UNEARTHED» тақырыбы аясында өткізіліп, қатысушылар мұхиттарды зерттеу, экология және археология бағытында тың идеялар мен инновациялық жобаларын ұсынды. Жарыс барысында қатысушылар 4 кезең бойынша сынға түсті. Нәтижесінде I орын «Qazygurt» командасына бұйырса, II орынды «Shardara Daryn» командасы қанжығасына байлады. Ал, Қазығұрт ауданының «Sunkar Q» командасы үздік үштіктен көрінсе, Созақ ауданының «RoboSozak» командасы төртінші орынға жайғасты. Бұл байқау жас өнертапқыштардың жаңа мүмкіндіктерін ашып, техникалық білім мен инновацияға деген қызығушылығын арттыруға зор ықпал етті. Сонымен қатар, қатысушыларға тәжірибе алмасуға және өзара байланыс орнатуға мүмкіндік берді.

НӘТИЖЕ ӘЛДЕҚАЙДА ЖАҚСЫ

Түркістан облысының Кентау қаласындағы «Үркер» жазғы сауықтыру лагерінде «АЙБЫН-2026» әскери-патриоттық жиынына арналған облыстық іріктеу байқауы бастауын алды.

Жалпы жарысқа Түркістан облысының аудан-қалаларынан келген 14 команда құрамындағы 210 жас қатысады. Жастар бүгін пневматикалық мылтықтан ату, АК-74 автоматын толық емес бөлшектеу және жинақтау, робототехника байқауы бойынша сайыстарда сынға түсті.

– Болашақ жауынгерлерді жастайынан әскери іске баулу, олардың бойында отансүйгіштік және қаһармандық рух қалыптастыру – барша қазақстандықтардың ортақ борышы, тікелей міндеті. Бұл дәстүрлі шарада алдыңғы жылдармен салыстырғанда нәтиже әлдеқайда жақсы болды. Сайыс барысында іріктелген 10 ұл мен 5 қыздың алдағы республикалық байқауда жоғары нәтиже көрсетуі қажет.

Жеңімпаздарға арнайы марапаттар, дипломдар және медальдар табысталды. Жақын арада жеңімпаз команда маусым айында Ақмола облысында өтетін халықаралық кезеңде облыс намысын қорғайтын болады.



ТӘРТІП – ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ!

Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасы «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен Шардара ауданына қарасты №16 колледж МКҚК-де «Нашақорлыққа жол жоқ! Тәртіп – тұрақтылық кепілі!» атты семинар-тренинг өтті.

Іс-шараның негізгі мақсаты – жастарға нашақорлықтың қауіпті салдарын түсіндіру, тәртіп пен жауапкершіліктің маңызын ұғындыру және салауатты өмір салтын насихаттау.

Семинар-тренингті «Отбасы институтын дамыту» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, тренер-педагог Нұржан Сапарханұлы жүргізді.

Кездесу барысында есірткіге тәуелділіктің адамның денсаулығына, мінез-құлқына, психологиялық жағдайына және болашағына тигізетін зияны кеңінен айтылды. Сонымен қатар жастарға дұрыс орта қалыптастыру, уақытты тиімді пайдалану, спортпен айналысу және пайдалы әдеттерді өмір салтына айналдыру жөнінде маңызды кеңестер берілді.

Спикер нашақорлықтың салдарынан адамның өмірлік мақсаты әлсіреп, білім мен еңбекке деген қызығушылығы төмендеуі мүмкін екенін атап өтті. Сондай-ақ тәртіпке бағыну, өзін-өзі дамыту және жақсы орта таңдау әр жастың болашағына тікелей әсер ететінін жеткізді.

Семинар барысында оқушылар ашық пікір алмасып, өздерін толғандырған сұрақтарына жауап алды. Түрлі психологиялық жаттығулар ұйымдастырылып, жастарға өмірде дұрыс таңдау жасаудың маңызы түсіндірілді.

Шара соңында ұйымдастырушылар жас буынды білімге ұмтылуға, салауатты өмір салтын ұстануға және өз болашағына сеніммен қарауға шақырды. Сонымен қатар, белсенділік танытқан оқушыларға Түркістан облысының «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің атынан арнайы сертификаттар, қойындәптерлер мен жейделер табысталды.

ЖАСТАР – ӨҢІР ДАМУЫНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

Отырар ауданында жастар саясаты жүйелі түрде жүзеге асырылып, жас буынның жан-жақты дамуына бағытталған әлеуметтік, мәдени, рухани және білім беру бастамалары қарқынды іске асуда. Бүгінде аудан бойынша 15 310 жас бар, оның ішінде 8 500-і ер, 6 810-ы әйелдер. Бұл көрсеткіш Qazstat ұлттық статистика бюросы мәліметтеріне сәйкес келеді.

Ауданда 1 волонтерлық ұйым жұмыс жасап, оның құрамындағы 50 белсенді жас өңірдің дамуына өз үлестерін қосуда. Сонымен қатар, «Жас шебер» облыстық кәсіби шеберлік байқауы ұйымдастырылып, сұранысқа ие мамандықтар бойынша жастардың біліктілігін арттыруға мүмкіндік берілді. Мұндай бастамалар жастарды ынталандырып қана қоймай, олардың бәсекеге қабілетті маман болып қалыптасуына жол ашуда.

Жас отбасыларды қолдау бағытында аудан кәсіпкерлерінің демеушілігімен тұрмысы төмен отбасыларға азық-түлік көмегі көрсетілді. Аудан орталығында мемлекеттік мекеме қызметкерлері арасында үстел теннисінен ашық біріншілік өтіп, жеңімпаздар марапатталып, арнайы сыйлықтар табысталды.







ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТКЕ ҚАДАМ

Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасы «Жастар ресурстық орталығы» КММ мен Әділет департаменті бірлесе ұйымдастырған «Жас және заң» тақырыбындағы дөңгелек үстел Халықаралық туризм және меймандостық университетінде өтті.

Кездесудің басты мақсаты – жастардың құқықтық сауатын көтеру, заң талаптарын түсіндіру, қоғамдағы тәртіп пен жауапкершілік ұғымын нығайту, құқықбұзушылықтың алдын алу.

Іс-шара барысында Әділет департаментінің мамандары азаматтардың құқықтары мен міндеттері жөнінде жан-жақты ақпарат беріп, заң нормаларын қарапайым әрі түсінікті тілмен түсіндірді.

Еркін форматтағы сұрақ-жауап бөлімінде студенттер көкейде жүрген құқықтық сауалдарын қойып, нақты әрі мазмұнды жауаптар алды.

Жиын соңында құқықтық ақпараттық материалдар ұсынылып, заңға құрметпен қарау, құқықтық мәдениетті қалыптастыру қоғам дамуының маңызды бөлігі екенін айтты.

Мұндай басқосулар жастардың құқықтық танымын кеңейтіп, заңға негізделген жауапкершілікті ой қалыптастыруға ықпал етеді.

ЖАСТАРДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН АРТТЫРУҒА ОҢ СЕРПІН БЕРДІ

«Заң мен тәртіп» қағидасын ілгерілету, жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру, білімге деген жауапкершілігін арттыру және нашақорлық, құқықбұзушылық, лудоманияның, алдын алу мақсатында интеллектуалдық жарыс өткізілді. Жас ұрпақты әділдікке, тәртіпке және белсенді азаматтық ұстанымына тәрбиелеуді көздейді.

Іс-шара барысында қатысушылар заң, негіздері, мемлекеттік басқару жүйесі, қоғамдағы тәртіп қағидалары және жалпы білім бағыттары бойынша өзара бақ сынасты. Сайыс бірнеше кезеңнен тұрып, логикалық ойлау қабілетін, жылдам әрі нақты шешім қабылдау дағдыларын және құқықтық сауаттылық деңгейін анықтауға бағытталды.

Интеллектуалдық додаға Бадам ауыл округінің, жастары белсенді қатысып, өз білімдері мен тапқырлықтарын жоғары деңгейде көрсетті. Қатысушылар арасында өзара ынтымақтастық, пен әділ бәсеке қалыптасып, жастардың қоғамдық жауапкершілігін арттыруға оң серпін берді.

Интеллектуалдық басеке 3 кезеңнен тұратын сұрақ-жауап форматында өтті. Нәтижесінде ақтық кезеңге Бадам ауыл округіндегі «Қажымұқан» ЖББМ атынан қатысқан команда мүшелері өздерінің, терең білімдерімен, ұйымшылдығымен және жоғары дайындық деңгейімен ерекшеленді.

Мұндай мазмұнды шаралар – өскелең, ұрпақтың құқықтық санасын нығайтып, заңға құрмет пен тәртіпке бағыну мәдениетін қалыптастырудың маңызды қадамы. «Заң мен тәртіп» қағидасы – тұрақты қоғам мен жарқын болашақтың, берік негізі.

«ЖАСТАР – ӘЛЕМДІ ӨЗГЕРТЕТІН КҮШ»

Қазығұрт аудандық прокуратурасының, аудандық білім бөлімінің және жастар ресурстық орталығының бірлесіп ұйымдастыруымен «Заң мен Тәртіп» қағидаты аясында «Жастар – әлемді өзгертетін күш» атты жайдарман ойыны жоғары деңгейде өтті.

Аталған шараның мақсаты – жастардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, олардың бойындағы тапқырлық пен сахналық мәдениетті қалыптастыру, өзара достық қарым-қатынасты нығайту және бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру. Сонымен қатар жастарды құқықтық мәдениетке баулу, қоғамдағы белсенділігін арттыру да басты назарда болды.

Көңілді әрі тартысты өткен сайысқа ауданның білім беру ұйымдарынан құралған 9 команда қатысып, өзара бақ сынады. Қатысушылар «Сәлемдесу», «Сұрақ-жауап» және «Бес жаңалық» кезеңдері бойынша өнер көрсетіп, көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Әр команда өздерінің әзілдерімен, сахналық қойылымдарымен ерекшеленіп, тапқырлық пен креативтіліктің үлгісін көрсетті.

Сайыс қорытындысы бойынша I орынды «Дарын жастары» командасы (Дарын мектеп-интернаты) жеңіп алды. II орын «Bulaq boys» командасына (Ащыбұлақ ЖББМ) бұйырса, ал III орынды «Алғыр жетілік» командасы (Т.Рысқұлов ЖББМ) қанағат тұтты.

Сондай-ақ арнайы номинациялар бойынша «Үздік ойыншы» аталымын Бақтияр Нұрасыл («Шаңырақ» командасы, Қ.Сәтпаев мектеп-лицейі) иеленді. «Үздік әзіл» номинациясы №11 санаториялық мектеп-интернатына табысталып, 100 000 теңге сертификат табысталды.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер арнайы дипломдармен, бағалы сыйлықтармен және кубоктармен марапатталды.

Айта кетейік, мұндай мазмұнды әрі тәрбиелік мәні зор іс-шаралар жастардың жан-жақты дамуына, олардың қоғамдағы белсенді азамат ретінде қалыптасуына оң ықпал етеді.

«ЖАСТАРДЫҢ БОЛАШАҚҚА КӨЗҚАРАСЫ» АТТЫ САЙЫС ӨТТІ

Кентау қалалық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен жастар арасында «Jas Vision» («Жастардың болашаққа көзқарасы») атты мобилографтар сайысы өтті. Іс-шараның негізгі мақсаты – жастардың шығармашылық қабілетін дамыту, олардың қоғамға деген көзқарасын заманауи форматта көрсету, белсенділігін арттыру және Кентау қаласының көрікті жерлерін насихаттау болды.

Сайыс екі кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде қатысушылар Кентау қаласының көрікті жерлерін түсіріп, сондай-ақ «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында арнайы бейнеролик дайындады. Ал екінші кезеңде мобилографтар құқықбұзушылық пен вандализм тақырыптарында өз туындыларын ұсынып, қоғамдағы өзекті мәселелерді бейне арқылы жеткізді.

Сайысқа арнайы комиссия құрылып, қатысушылардың жұмыстары белгіленген критерийлер бойынша әділ бағаланды. Іс-шараны Кентау қалалық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің басшысы ашып, жастарға сәттілік тілеп, оларды әрдайым белсенді болуға шақырды.

Нәтижесінде үздік деп танылған қатысушылар анықталып, марапатталды. Сонымен қатар, сайысқа қатысқан барлық қатысушыларға бағалы сыйлықтар табысталды.



Тәжірибелі журналист Балжан Ануарбекқызы Аринова «Әділет» республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық газетінің Астана қаласы мен Ақмола облысындағы қаласындағы арнаулы тілшісі қызметіне кірісті. Әріптесімізге шығармашылық жетістіктер мен сәттілік тілей отырып, автордың «Ана жайлы толғаныс» атты материалын назарларыңызға ұсынамыз.

ӨМІРБАЯН БЕТТЕРІНЕН

Аринова Балжан Ануарбекқызы 1970 жылы 8 наурызда Жамбыл облысы, Талас ауданы, Аққөл селосында дүниеге келді. Ұлты қазақ. Мамандығы журналист.

Әл-Фараби атындағы қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің журналистика факультетін 1993 жылы бітірген. Еңбек жолын 1987 жылы Жамбыл облысы, Талас аудандық «Ленин жолы» газетінде қаріп тексеруші (корректор) болып бастаған.

1996 жылдары Балқаш қалалық баспаханасында «Сырлас» газетінде тілші, редактордың орынбасары. 2002 жылы Балқаш қалалық «Балқаш өңірі» газетінің тілшісі, редактордың орынбасарлығы міндетін уақытша атқарушы.

2004 жылы Балқаш қалалық эпидемиологиялық қадағалау басқармасының (СЭС) бас маман-аудармашы болып қызмет атқарған. 2004 жылы Қарағанды облыстық мемлекеттік қызметшілердің және білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтында «Мемлекеттік тілді іс жүргізу» бойынша біліктілігін арттырған. Куәлік №000119 КАР.

2005-2010 жылдары Балқаш мыс қорыту зауыты түсті металлдар цехында, «Балқаштүстімет» өндірістік бірлестігі басқармасында Мемлекеттік тілдегі аудармашы қызметін атқарған. «Қазақмыс» корпорациясы Жезқазған қаласындағы «Мысты өңір» газетіне Балқаш өндірістік аймағынан штаттан тыс тілші ретінде мақалалары жарық көрген.

2011 жылдан бастап 2025 жылға дейін «Педагогика мәселелері - Вопросы педагогики» республикалық педагогикалық ғылыми-теориялық журналында бөлім редакторы болып қызмет атқарған.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің «Психология әлеуметтік білімдер» факультетін бітіріп, екінші жоғары білім алған.

2025 жылдан бастап Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті журналистика және әлеуметтік ғылымдар Жоғары мектебі Бейінді магистратура магистранты. Үш баланың анасы, отбасылы.

АНАНЫҢ ЖҮРЕКЖАРДЫ ТОЛҒАНЫСЫ

Ел басына күн туған сонау ашаршылық жылдарындағы алаш аналарының жанкешті тірлігі ұлттың өркендеуіне қосылған үлес болғаны жайында ерлікке пара-пар әңгімелер ел ішінде аз емес. Соның бірі Зоя апаның айтқандары жүрек толқытады. Қолыма қалам алып, жүрегімнің түкпіріне сақтаған ана жайлы бір үзік сырды бүгін жазып отырмын. Ол кісінің анасының есімі Төлбасы екен. Мінезі жұмсақ, ел сыйлаған ақылды жан десетін.
Әлі есімде, – деп бастады апам өз әңгімесін, – ес біліп қалған кезімде қыз бала анасына жақын болады екен. Мен де Төлбасы шешемнің жанынан шықпай, шаруасын тындырып отырған оған: «Өзің жайлы айтшы», – деп мазасын алатынмын. Бірде мен өзіме қатты әсер қалдырған шешемнің тағдыры жайлы әңгімені тыңдап, хал-қадерімше жазып алған едім.

«Жасымда өте көрікті қыз болып бой түзедім, – деп жалғады ол әңгімесін. – Әкем ғұлама молда кісі болатын. Бойында емшілік қасиеті бар ол ауыл адамдарын және жас нәрестелерді емдеп жазатын. Тұрмысы жаман емес, орта шаруа еді. Бір күндері маған Шұбыртпалы елінің Көгала руынан құда түсті. Сол уақыттың салты бойынша әке-шешем жасау жасап, төрт түлік малыммен мені болашақ күйеуімнің жұртына шығарып салды.

Келін атанып келген жұртыма ақ ота-уым жарқырап тігілді. Күйеуім, обалы не керек, жақсы жан болғанымен, түскен үйімнің тұрмысы кедей болып шықты. Ата-енем тұрмысқа шықпай отырған қайын апама менің бар жасауымды беріп, іле-шала күйеуге шығарды. Өзім үш уық басын қосқан қоста қалып қойдым.

Уақыт өте тұла бойы тұңғышым – Ырысжан есімді қыз балам дүниеге келді. Күйеуім екеуміз бақытқа бөленіп, төркін жұртыма қыдырып барғанымда, олар маған ақ киіз үй тігіп, ішін жасауға толтырып, қайтадан отаулап шығарды. Қуанышымызда шек жоқ, күйеуіміз екеуміз ел қатарлы өмір сүріп жаттық.

Бірақ өмір өзгеріссіз тұрмайды екен. Тоқшылықтың да бір ащылығы бар екен. Тағдыр қосқан қосағым ауыл ішіндегі тойларда үнемі күресіп, балуандығымен көзге түсіп жүретін. Осындай бір күрестен кейін ол көз тиіп қатты ауырды. Екі жауырынының ортасына қап-қара дақ пайда болып, көп ұзамай дүние салды. Сөйтіп, жас жесір қалған мені ата-енем өзімнен он үш жас кіші қайныма қаратып қойды. Ол сенің әкең болатын.

Ата-енем әкең Шубайды «отауға бар» деп маған жібереді. Ол болса оттың маңайына отырып, ұяла мен жаққа жалтақ-жалтақ қарайды. Ойын баласын ішім сезіп: «Үйіңе бара ғой», – деймін. Ол да менің осы сөзімді тосып отыратын болуы керек, орнынан қуана ұшып түрегеліп, жүгіріп кете баратын.

Сол әкең ат жалын тартып мінгенге жарағанда бізді қосты. Кешікпей арасы үш жастан балаларымыз Қыдырқұл мен Төлеутай дүниеге келді.

Жоғалтқанымның орны толып, бас көтеріп қалған кезімізде, 1932 жылы топалаң тиген ашаршылыққа тап болдық. Біз отырған ауылдан халық жаппай көшіп, бет-бетімен бытырады. «Көл жағалаған өлмейді екен» дегенді естіп, қайын апам, жездем және өзімнің отбасым болып көшке еріп, Балқаш көліне қарай бет алдық.

Қазір ойласам, денем түршігеді. Жол бойы өліп жатқан жұрт, аштықтан ақылесі адасқан адамдар… Жаныңды түршіктірер бұл көріністен соң көштен қалып қоймауға тырысасың. Біздің көлігіміз – жалғыз түйе. Үстіне екі баламызды мінгізіп, өзіміз жаяу келеміз.

Жол ұзақ. Менің аяғым ауыр еді. Жол бойы ішім төмен тартып, толғатып келемін. Екі қолыммен түйенің жібінен тас қылып ұстап, көштен қалмауға қарбанамын. Бір уақытта босанатынымды сезіп, әкеңе:

«Маған сендердің өлмегендерің керек, көштен қалмай жүре беріңдер. Мен осы жерде қаламын. Аман-есен жаным қалса, қолымды көтеремін, байқай жүрерсіңдер. Ал егер өліп кетсем, маған бола бұрылмай кете беріңдер», – деп жолда қалып қойдым.

Толғақ қысып, жаным қатты қиналды. Екі жанарым арттарына жалтақ-жалтақ қарап, түйе үстінде кетіп бара жатқан екі балам мен әкеңе түсті. Оларды ішім қимаса да, амалым не?! Өмір мен өлімнің бел ортасында қалдым.

Шешем Төлбасы осы тұста тамағына келіп тірелген көзінің жасын жұтынып, ұзақ үнсіз қалатын. Мен оның өзіне-өзі келгенін тосатынмын.

...Көш ұзаған сайын жаным шығып бара жатты. Жапан түзде жалғыз қалсам, жағдайым не болмақ? Әйтеуір, не керек, шыр етіп жерге түскен баланы есім кіресілі-шығасылы күйде шүберекке орап, кіндігін қалтамдағы пышақпен кесіп, көшке қарай қолымды жанталаса бұлғадым. Әкең де үмітін үзбей, алыстағы менен қыбыр еткен қимылды тосып, бақылап бара жатқан екен. Бір кезде түйесін ойнақтатып, қуана жаныма жетіп келді.

Әлім кетіп әлсіреген мен жаңа туған нәрестені түйенің үстіне таңып бердім. Әкең мені аяп: «Өзің де түйеге отыр», – деді. Бірақ баланың жолдасы түсіп үлгермеген еді. Кіндігінің бір басын санына байлай салып, ентіге алға қарай жүре бердім.

Біз көшке жеткенде, бауырына екі баламды қысып бізді тосқан қайын апам: «Ойбай-ойбай, баланы қайтесің, әлі жоқ әйелді қайтесің, таста! Мынадай заманда екеуі де адам болмайды», – деп безектеп жылады. Бірақ әкем Шубай ешкімді тыңдамай, жол бойы мен үшін тоқтап-тоқтап, бізді Балқашқа жеткізді.

Міне, қырғын салған ашаршылықтың азапты күндерінде Балқаш көлінің балығы талай жұртты аман алып қалды. Кейін әкем: «Көлігі барларды жұмысқа алады екен», – дегенді естіп, түйе арбасымен жаңадан салынып жатқан зауытқа жұмысқа кірді. Қыдырқұлым мен жолда туған Жолдыбайым іш ауруынан қайтыс болды. Ал Төлеутайымды кейін сұм соғыс жалмап кетті…

Содан Шубай әкем екеуміз бір қойды жетектеп, етегі Бетпақдалаға ұштасып жатқан Тайатқан тауының бауырындағы, Еспе өзенінің жиегіне орналасқан Ағыбай батыр атаның күмбезіне бардық. Апарған малымызды құрбандыққа шалып, батыр атаның аруағына құран оқып, сыйындық.

Түн болғанда әкемді бейіттің сыртына қалдырып, ішіне өзім жалғыз түнедім. Түн ауа көзім ілініп кетсе керек. Түсімде батыр ата орнынан тұрып, атқа мінген күйінде маған: «Бұл жерге жатпа, орныңнан тұр да үйіңе қайт», – деп, алақандарыма екі құстың балапанын салып жіберді.

Оянып кетсем, бейіт ішінде жатыр екем. Тез тысқа шығып, әкемді оятып: «Жүр, Шубай, бұл жерде қалуға болмайды. Алла амандығын берсе, жарылқайтын болды», – дедім.

Расында да бір айдан кейін бойыма бала бітті. Сол кездері ауылымызға тау кенін зерттеп жүрген геологтар көп келетін. Соның бірі – Зоя деген орыс әйеліне өзіңді есіктен беріп, терезеден қайта сатып алғанмын. Атыңды да соның есімімен «Зоя» – деп қойған едім. Екінші балапаным – інің Жақан еді»...

Ұзақ әңгімесінен кейін шерін тарқатқан Төлбасы шешем көңілдене маған қарап күлді. Жүзіне өзіме деген аналық махаббаттың ізін көріп, құшақтай алдым.

Бертінде анам қартайған шағында бір кездері өзіне жастығын қиып, өмірдің соқпағында адал жар бола білген әкеме жас әйел алып берді. Жібек атты менің екінші шешем анамды ұмырының соңына дейін туған енесіндей сыйлап өтті. Бұл анамнан Бақыт сіңілім мен Ақан інім дүниеге келді. Алланың осынысына тәуба қыламын – деп әңгімесін аяқтаған еді.

Бүгінде Шубайқызы Зоя апа – Арқаның ардақты азаматтарының бірі, ұстаз, көп жылдар бойы кеңес-партия қызметтерін атқарған, белгілі спортшы, күрестен Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы – Сағыжан Аманжоловтың адал жары, менің қайын енем.

Қиын жылдардағы, қазағымның әрбір отбасының басына түскен ауыртпашылығын, тартқан азабын, темірдей төзімімен жеңе білген дала интеллигенциясы атанған ата-бабалар естелігі – қабырғамызды қайыстырса да, рухымызды шыңдап тұратыны-ай, жарықтық.

Балжан АРИНОВА,
«Әділеттің» Астанадағы арнаулы тілшісі



ТҮРКИЯНЫҢ ТӨРІНДЕ МҰСТАФА ШОҚАЙ КІТАПТАРЫ

Стамбул. Түркиядағы ағайындардың көп қоныстанған Зейтүнбурни ауданындағы Абай мектебі, Абай ескерткіші, Абай алаңы, Абай көшесінің бойындағы «Алма» дәмханасында Түркиядағы Қазақ профессоры, тарихшы Әбдуоқап Қараның «Мұстафа Шоқай» туралы кітабының бірнеше тілдерге аударылу шарасы: әлемнің сегізінші тіліне, соның ішінде қырғыз тіліндегі сүйінші данасын Түркиядағы бірінші Қазақ тілшісі (телерадио), Ыстамбұлдағы алғашқы Қазақ Бас консулы, Дүниежүзілік қазақтар қауымдастығының Түркиядағы өкілі, Қазақстан сауда және мәдениет орталығының басшысы Ержан Уәйіске табыстады.

Осыдан аз уақыт бұрын Түркия мемлекетінің 100 жылдығы құрметіне «100 тұлға» топтамасымен шығарылған 100 кітаптың ішінде тарих ғылымдарының докторы Әбдуоқап Қараның «Мұстафа Шоқай» романы түрікше аудармасының тұсаукесер шарасын Түркия мәдениет министрі Мехмет Нұрисой өткізген болса, әрі қарай Кючюкчекмедже ауданындағы Қазақстан мәдениет және сауда орталығының төрағасы Қазақ кәсіпкері Ғанимет Ғайса және қайраткер Ержан Уәйіс ұйымдастыруымен өтті. Ыстамбұлдағы Қазақ диаспорасының өкілдері, осында оқитын студент жастардың қатысуымен кітаптың керме жібі кесілді. Кітап авторы профессор Ә. Қара екі тілде, қазақша-түрікше түсініктеме берді.

Енді міне ғалым қаламгер Ә.Қараның М.Шоқай туралы кітабы сегіз тілге: француз, қазақ, түрік, орыс, ағылшын, неміс, өзбек, қырғыз тілдерінде көрді. Сүйінші данасы Е.Уәйіске табысталды.

«КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІ САЯСАТЫ» тақырыбындағы кітабы қазақ тіліне, «SOVETLER BİRLİĞİNİN POLİTİKASI» кітабы түрік тіліне, «ПОЛИТИКА СОВЕТСКОГО СОЮЗА В ОТНОШЕНИИ ТЮРКСКОГО МИРА» кітабы орыс тіліне және 4-ші, 5-ші кітаптары Француз және неміс тілдеріне, «SOVET ITTIFOQINING TURK DUNYOSI SIYOSATI», «СОВЕТ ИТТИФОҚИНИНГ ТУРК ДУНЕСИ СИЕСАТИ» латын және кирилл алфавитінде өзбек тілінде жарық көрді.

Мұстафа Шоқай әлемнің 9 тілінде еркін сөйледі. Ыстанбұл қаласында туып өскен Қазақ профессоры Ә.Қара Қазақ, Орыс, Түрік, Француз, Неміс тілдерін жетік біледі.

Түркиядағы бауырымыз ғалым, профессор Әбдуоқап Қара кім?

Ол 1961 жылы Түркияда дүниеге келген. Осында түрікше оқыды. Одан соң жоғарғы оқу орнында университетте білім алды. Есімі әлемге әйгілі сәулетші Мимар Синан көркемөнер университетінде оқытушы, профессор. 2006 жылы Парижде докторлық диссертацияны қорғау жөніндегі жоғары курстан өтті, жан-жақты зерттеді. Тақырыбы: Мұстафа Шоқай – үлкен жүректі тұлға. Әбекең белгілі журналист, түркі дүниесі таныған танымал жазушы, айтулы қаламгер, 40-тан астам кітаптың авторы, Шоқайтанушы ғалым. Ә.Қара 1993 жылы Алманиядағы азаттық радиосының (Қасен Оралтай) Қазақстандағы тілшісі болса, мен Ержан Уәйіс «Азаттық» радиосының Түркиядағы тілшісі болғанымды мәртебе көремін. Мұстафа Шоқай туралы 5 томдық кітап, Түркістан легионы 3 том, «Тұрғыт Озал – түрік дүниесінің тұлғасы» кітабы, Түркі дүниесі ынтымақтастық туралы зерттеу жинағы көп данамен жеке-жеке басылымдармен жарыққа шықты. Түркияда өтетін Қазақстанға, Түркі мемлекеттеріне байланысты құрылтайға, симпозиумдарға қатысып баяндама жасайды.

Осыдан 70 жыл бұрын «Алтайдан ауған ел» тақырыбында үлкен көшпен Үндістан, Пәкістан елдері арқылы асып Түркиядан пана тапқан Қазақ ағайындарының қамқоршысы, ел құрметіне ие болған Сүннет қажы Өміртайдың ұлы.

Анасы Динахан Қаһарман қызы Қазақтың ауыз әдебиетіне жақын, әңгімешіл, Қазақи дәстүрді дамыта білген өнегелі шаңырақтың от анасы, ал жан жары жұбайы Тахира Абдулхамит қызы текті әулеттің ұрпағы, аталары Шығыс Түркістан үкіметінде қаржы министрі болған Жанымхан Жаналтай, белгілі қоғам қайраткері Қазақ диаспорасының көрнекті өкілі Дәлелхан Жаналтай, Тахира ханым Анлияда, Лондонда Оксфордта Кембридж жоғары оқу орнын бітірген ұстаз ғалым.

Жақында Әбдуоқап Қараның Мұстафа Шоқай туралы кітабының ағылшын тіліндегі тұсаукесер рәсімі Лондонда өтті. Енді осы айдың 30 жұлдызында кітаптың қырғызша таныстырылуы Қырғызстанда Бішкек қаласындағы «Манас» университетінде өткізіледі. Әбдуоқап Қара сол шараға қатысып, кітаптың керме жібін кеседі.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ержан Уәйіс бүгінгі алғашқы кітапты қабылдау шарасында Әбдуоқап Қараға алғысын білдіріп, иығына қазақ шапанын жапты, ақ батасын берді.

Түркі дүниесінің алып жүректі азаматы Мұстафа Шоқайдың есімі және оның мұралары түрік әлемінде ұзақ уақыт сақталатын болады.

Ер УБАЙДИН,
«Әділеттің» Түркиядағы арнаулы тілшісі
Ыстанбұл қаласы

ӨНЕГЕГЕ ТОЛЫ 30 ЖЫЛ: ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ



ЖОҒАРЫ БІЛІМДІ ҚОЛДАУДЫҢ ЖАҢА МОДЕЛІ

ЕҰУ-да эндаумент-қорлардың университет дамуындағы рөлі талқыланды

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Эндаументтер. Түлектер. Меценаттар» атты халықаралық форум болып өтті. Университеттің 30 жылдық мерейтойына арналған 30 күндік шараны бастап берген бұл халықаралық форум жоғары білімді дамыту, қайырымдылық мәдениетін қалыптастыру және халықаралық ынтымақтастықты кеңейту мәселелерін талқылайтын маңызды алаңға айналды.

Іс-шараға мемлекеттік қайраткерлер, жоғары білім беру саласындағы қазақстандық және шетелдік сарапшылар, ірі кәсіпкерлер мен бизнес өкілдері, меценаттар, сондай-ақ университеттің түлектері мен студенттері қатысты.

Ауқымды жиынды Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының үрмелі оркестрі өнер көрсетіп, мәдени бағдарламамен ашып берді.

Форумның ашылуында университеттің ректоры Ерлан Сыдықов құттықтау сөз сөйлеп, биылғы жылдың оқу орны үшін айрықша маңызға ие екенін атап өтті.

– Бүгін біз университеттің мерейтойына арналған 30 күндік марафонымызды бастаймыз және оны «Эндаументтер. Түлектер. Меценаттар» атты алғашқы ірі форуммен ашудамыз. Бұл форум бүгін біздің университетте Америка Құрама Штаттарынан келген делегацияның қатысуымен өтуде.



2026 жылы 23 мамырда Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті өзінің 30 жылдық мерейтойын атап өтеді. Осы жылдар ішінде ЕҰУ Қазақстанның жетекші ғылыми-білім беру орталықтарының біріне айналып, елімізден тыс жерлерде де кеңінен танылды. Бүгінде біз университеттің басты капиталы әрдайым оның адамдары – оқытушылар, ғалымдар, қызметкерлер, студенттер, түлектер, серіктестер мен достар болғанын және солай болып қала беретінін ерекше айқын түсінеміз, - деді ректор.

Сондай-ақ Ерлан Сыдықов форумның халықаралық сипатта өтіп жатқанын айта келіп, Миннесота университеті мен Қазақстан эндаумент-қорлары қауымдастығы тарапына бірлесіп ұйымдастырғаны үшін алғыс білдірді. Оның айтуынша, шетелдік тәжірибе, әсіресе АҚШ университеттерінің үлгісі, эндаумент-қорлар арқылы білім мен ғылымды тұрақты қаржыландырудың тиімді тетіктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ректор қазіргі таңда университет тек білім беру мекемесі ғана емес, сонымен қатар ғылым мен қоғамдық ойдың орталығы, болашақ көшбасшыларды даярлайтын маңызды алаң екенін қадап айтты. Осы тұрғыда эндаумент-қорлар, донорлық қолдау және меценаттық институттарды дамыту – жоғары білім жүйесінің ажырамас бөлігіне айналып отырғанын жеткізді.

Сонымен қатар, Қазақстан үшін бұл бағыттың стратегиялық маңызға ие екенін айтқан ол, университеттердің алдында тұрған басты міндеттерге тоқталды. Олардың қатарында білім сапасын арттыру, ғылым мен инновацияны дамыту, халықаралық ынтымақтастықты күшейту және бәсекеге қабілеттілікті арттыру бар.

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің құттықтау сөзін ҒЖБМ аппарат басшысы Мадияр Қожахмет жеткізді. Министр өз құттықтауында жоғары білім беру жүйесін дамытудағы жаңа тәсілдер мен стратегиялық бағыттарға тоқталған. Қазіргі жаһандану жағдайында университеттердің бәсекеге қабілеттілігі тек білім сапасымен ғана емес, сонымен қатар олардың қаржылық тұрақтылығы мен академиялық еркіндігіне де байланысты екенін атап өтті. Осы тұрғыда эндаумент-қорларды дамыту – жоғары оқу орындарының ұзақ мерзімді дамуын қамтамасыз ететін маңызды құралдардың бірі екені айтылған.

Астана қаласы әкімінің орынбасары, университет түлегі Евгений Глотов қала әкімдігі тарапынан жоғары білім беру саласын қолдауға бағытталған кешенді жұмыстар жүргізіліп жатқанын жеткізді. Оның ішінде, ғылым мен өндірісті ықпалдастыру, университеттердің отандық серіктестермен байланыс аясын кеңейту секілді басымдықтар бар.

Келесі кезекте сөз алған Америка Құрама Штаттары Миннесота университетінің халықаралық бастамалар жөніндегі департаменті директоры Марина Алексио эндаумент мәдениеті дамыған елдер тәжірибесіне назар аударып, мұндай қорлар ғылымды, инновацияны және талантты жастарды қолдауда ерекше рөл атқаратынын, бұл университеттерге қосымша қаржыландыру көздерін қалыптастырып қана қоймай, түлектер, бизнес және қоғам арасындағы байланысты нығайтуға мүмкіндік беретінін айтты. Оның пікірінше, осы бағытты жүйелі түрде дамыту – уақыт талабы.

Форум барысында ЕҰУ стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректор Думан Айтмағамбетов форумның маңыздылығына тоқталып, мұндай алаңдар тәжірибе алмасуға, жаңа серіктестіктер орнатуға және нақты жобаларды іске асыруға мүмкіндік беретінін жеткізді. Ол эндаумент-қорлар жүйесін дамытуда түлектер тарапынан қолдау жалғасатынын және бұл бағытта бірлескен күш-жігердің нәтижелі болатынына сенім білдірді, ол сонымен қатар еліміздің жоғары білім беру жүйесінің сапалы дамуына серпін беретінін атап өтті.

Сонымен қатар, форум барысында Қазақстанның эндаумент-қорлар Ұлттық қауымдастығының Басқарма төрағасы, Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрінің кеңесшісі Фархад Куанғанов, ЕҰУ түлегі, меценат, ENU Endowment Fund Қамқоршылық кеңесінің мүшесі, «The Akan Building» құрылыс компаниясының негізін қалаушы Бақытжан Ақан, Миннесота университетінің Білім беру және адам дамуы колледжінің даму жөніндегі директоры Сьюзан Холтер, тағы басқа қатысушылар баяндама жасады.

Іс-шара соңында Қазақстан Республикасының эндаумент-қорлар қауымдастығын құру жөніндегі ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Айта кетейік, ENU Endowment Fund 2022 жылы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің түлектері тарапынан құрылған. Қордың мақсатты капиталы қол сұғылмайтын болып табылады және жинақтау сипатына ие. Қаржыландыру тек инвестициялық табыс есебінен жүзеге асырылады. Қордың құрылтайшылары дарынды әрі әлеуметтік қолдауды қажет ететін студенттерге қолдау көрсетіп, білім алушылардың ғылыми-инновациялық және кәсіпкерлік қызметін дамытуға ықпал етеді.

● ҰСТАЗ ҰЛАҒАТЫ

БІЛІМГЕ ҒҰМЫРЫН АРНАҒАН



Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек етіп келе жатқан білім беруші, ғалым, Сәулет-құрылыс факультеті «Құрылыс» кафедрасының доценті, техника ғылымдарының кандидаты Әлкенұлы Қанат Искаков – отандық жоғары білім саласы және ғылымның дамуына үлкен үлес қосқан тұлғалардың бірі. 1954 жылдың 17 наурыз күні, Ақмола (Акмолинск) қаласында туған, 1971 жылы осы қаланың Абай атындағы №8 мектебін бітірген.

Әлкенұлы Қанат өзінің еңбек жолын сонау Целиноград инженерлік-құрылыс институты (ЦИҚИ) кезеңінде бастап, содан бері ғылым мен білім беру саласында табанды қызмет етіп келеді. Бүгінде оның жалпы еңбек өтілі 50 жылды құрайды. Осы уақыт аралығында ғалым сан мыңдаған студентке сапалы білім беріп, жүздеген жас мамандардың қалыптасуына ықпал етті.

1976 жылы «Жылугазбен жабдықтау және желдету» мамандығы бойынша Құрылыс-инженері квалификациясы беріліп Целиноград инженерлік-құрылыс институтын тамамдаған ол ғылыми-педагогикалық қызметін сол жылы, аталған институттың «Жылугазбен жабдықтау және желдету» кафедрасында ассистент лауазымынан бастады. Содан осы кафедрада оқытушы, аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі лауазымдарында еңбек жолын жалғастырды. 1989 жылы В.В.Куйбышев атындағы Еңбек Қызыл Ту орденді Новосибирск инженерлік-құрылыс институтында кандидаттық диссертациясын қорғап, 1993 жылы ҚР ЖАК шешімімен Құрылыс мамандығы бойынша доцент ғылыми атағын иеленді.

1996 жылдың 9 сәуірінде жоғарғы және орталық мемлекеттік орындарын Ақмола қаласына орналастыру Қазақстан Республикасының Мемлекеттік комиссиясы төрағасының, Қазақстан Республикасының Премьер-Министр орынбасары өкімімен Мемлекеттік комиссияның жанындағы Ғылыми-техникалық кеңесінің құрамына мүше болды. 1996-2000 жылдары Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ құрылу және қалыптасу кезеңінде университеттің ғылыми кеңесінің мүшесі, «Еуразия университетінің хабаршысы» журналының редакция алқасының мүшесі ретінде біраз жұмыс тындырды. 2000-2015 жылдары аралығында Құрылыс институты директорының және Сәулет-құрылыс факультеті деканының орынбасары лауазымдарын атқарды. 2000 жылдан – осы күнге дейін Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Инженерлік коммуникациялар», «Жылу энергетикасы», «Ғимараттар және имараттарды жобалау», «Құрылыс» кафедраларының доценті.

Кәсіптік қызметі «Жылугазбен жабдықтау және желдету», «Жылу энергетика», «Экология», «Құрылыс» (мамандандыруы «Жылугазбен жабдықтау және желдету»), «Инженерлік жүйелер және желілер» мамандықтары, білім беру бағдарламалары бойынша бакалавр және магистрлерді дайындаумен жалғасқан ғалымның кәсіптік пәндерді оқытудан тәжірибесі мол. Ол жоғарыда аталған мамандықтарға арналған оқу үрдісін жүзеге асыруға қажетті Жұмыстық оқу жоспарларына, Модульды білім беру бағдарламаларына, Білім беру бағдарламаларын құрастыруды жауапкершілікке алып, онымен, шамасы жиырма төрт жыл үзбей шұғылданды және ұзақ жылдар бойы университеттің Академиялық кеңесінің мүшесі қатарында болды.

Доцент Искаковтың ғылыми зерттеулері құрылыс және инженерлік жүйелер саласындағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталған. Ғалымның еңбек жолындағы ғылыми ізденістері мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылды: Желдету жүйелерін тиімділікке келтіруге байланысты өндірістік ғимараттардың жылулық үрдістері; Қалаларды, ҚР астанасы Астана қаласын, елді мекендерді газ түріндегі отынмен қамтамасыз ету; Атмосфералық ауаны, қуаты жоғары жылу көздерінің зиянды шығаруларынан қорғау; Орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйелерінің үрдістерін зерттеу; Азаматтық ғимараттардың желдету және ауаны баптау жүйелерін оңтайландыру. Негізгі баспалары осы ғылыми ізденістерге, нәтижелеріне арналған және оқу үрдісіне сәйкес пәндеріне қатынасты.

2005-2010 жылдары Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ және Америка Құрама штаттарындағы Нью-Мексико университетімен бірігіп магистрлік бағдарламаны («Қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқару және инжиниринг» бағдарламасы) іске асырды. Ресейдің бірінші президенті Б.Н.Ельцин атындағы Орал федералды университеті және Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Құрылыс» («Жылугазбен жабдықтау және желдету») мамандығы бойынша магистрлерді дайындау Келісілген жұмыстық оқу жоспарының авторы және магистранттарды дайындаушы ғалым.

Ұстаз ретінде ол жас ғалымдарға ерекше көңіл бөліп, олардың ғылыми ізденістеріне жетекшілік жасаған. Оның жетекшілігімен магистрлік диссертациялар сәтті қорғалды. Шәкірттері бүгінде еліміздің түрлі жоғары оқу орындары мен өндіріс саласында еңбек етуде. Олардың ішінде «Астана-Жылу-Тасымалдау» Акционерлік қоғамының бас инженері Абзал Сауғабаев, ғылыми ізденіс ісімен үзбей айналысып жүрген Айбек Матин және Диас Байдельденов секілді шәкірттері бар.

Ғалымның еңбегі кәсіби ортада зор құрметке бөленді. Әріптестері оны жоғары білікті маман, өз ісіне адал, қарапайым әрі парасатты тұлға ретінде сипаттайды. Ұжымда ол әрдайым жаңашыл бастамаларды қолдап, жастарға үлгі бола білді.

Жұбайы Тосмағанбетова Кульди Сулейменқызы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Химия кафедрасының доцент міндетін атқарушы, химия ғылымдарының кандидаты, химия саласы бойынша PhD доктор, 34 жылдан астам педагогикалық тәжірибесі бар білікті маман. Ол бакалаврлар мен магистранттардың ғылыми жұмыстарына жетекшілік етіп, білім беру жүйесінің әр деңгейінде сабақтастықпен қызмет атқаруда.

1998 жылдан бері мектеп оқушыларының химиядан республикалық пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарында қазылар алқасының мүшесі әрі ұйымдастырушысы ретінде белсенді еңбек етеді, сондай-ақ ұлттық құрама команданы дайындаған жаттықтырушы.

Ұлттық білім сапасын бағалау жүйесінде сарапшы-эксперт ретінде жұмыс істеп, тест тапсырмалары мен оқулықтарды сараптауға үлес қосқан. Ғалымның авторлығында бірнеше оқу құралдары мен монография, сондай-ақ 30-дан астам ғылыми мақаласы жарық көрген.

Доцент Қанат Әлкенұлының айтуынша, білімге құштарлық, ғылым – үздіксіз ізденіс пен табандылықты талап ететін ерекше жол.

– Инженерлік-құрылыс институты, жалғасы Еуразия Ұлттық университеті жоғары білім ордасында, білім беру, ғылым саласында 50 жыл еңбек ете жүріп, бір нәрсеге анық көзім жетті: табысқа жетудің жалғыз жолы – үздіксіз ізденіс пен адал еңбек. Уақыт өзгерген сайын ғылым да жаңарып отырады, сондықтан әр ғалым заман талабына сай дамып отыруы тиіс. Бүгінгі жастар өте білімді, ізденімпаз. Оларға тек дұрыс бағыт-бағдар беру қажет. Егер жас буын ғылымға шынайы қызығушылықпен келсе, еліміздің болашағы жарқын боларына сенімім мол. Мен үшін ең үлкен жетістік – шәкірттерімнің табысы. Олардың әрбір жетістігі – менің де еңбегімнің жемісі. Сондықтан жастармен жұмыс істеу мен үшін әрдайым маңызды болып қала береді. Білімге қарай ұмтылу, ғылым жолы оңай емес, бірақ ол өте қызықты әрі мағыналы жол. Осы жолды таңдаған әр адам шыдамдылық пен еңбекқорлықты серік етуі керек, – дейді ол.

50 жылдық еңбек жолы – бұл тек тәжірибе ғана емес, бұл – ұрпақ сабақтастығының жарқын көрінісі. Осындай ғалымдар, білім берушілер арқасында еліміздің ғылымы дамып, жаңа буынға берік негіз қалануда.

– Біз үшін ұстазымыз тек білім беруші ғана емес, нағыз бағыт-бағдар көрсетуші тұлға. Оның дәрістері әрдайым мазмұнды, терең әрі өмірмен байланысты болып келеді. Білім беру-алу жұмысы барысында бізге әрдайым қолдау көрсетіп, дұрыс жол сілтей білді. Ұстазымыздың ең басты қасиеті – сабырлылығы мен талапшылдығы. Ол бізді тек білім алуға ғана емес, ойлануға, ізденуге үйретті. Әрбір студенттің қабілетін байқап, соны дамытуға ерекше мән берді. Бүгінде біз жеткен әрбір жетістікке оның қосқан үлесі зор деп есептеймін. Осындай білікті де жанашыр ұстаздан білім алғанымды мақтан тұтамын, – дейді шәкірті, «Астана-Жылу-Тасымалдау» Акционерлік қоғамының бас инженері Абзал Сауғабаев.

Еуразия ұлттық университеті Әлкенұлы Қанат үшін – жастық шағында жоғары білім ордасын тамамдағаннан бастап осы уақытқа дейінгі өмір баянының үлкен бөлігі жатқан қасиетті де қастерлі орта. Биыл өзінің 30 жылдығын атап өткелі отырған ЕҰУ қабырғасында жүріп ол көпті көрді, оң-солын таныды, білім-ғылымның базасын көкейге тоқыды, еңбек етті, нәтиже шығарды. Бір сөзбен айтқанда, университетке және елге еңбегі молынан сіңді.

УНИВЕРСИТЕТІНІҢ МЕРЕЙЛІ БЕЛЕСТЕРІ

Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінде өзіндік орны бар, ғылым мен өндірісті ұштастыра білген көрнекті ғалымдардың бірі – Нұрақов Серік Нұрақұлы. Оның саналы ғұмырының басым бөлігі Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетімен тығыз байланысты.

Серік Нұрақұлы еңбек жолын 1968 жылы бастап, осы оқу орнында аға оқытушыдан профессорға дейінгі барлық кәсіби сатылардан өтті. Ол 1970-1996 жылдары доцент, ал 1996 жылдан бері профессор қызметін атқарып келеді. Ұйымдастырушылық қабілеті мен басқарушылық тәжірибесінің арқасында кафедра меңгерушісі (1989-1996), факультет деканы (1974-1986, 1998-2000) және Құрылыс, көлік және сәулет институтының директоры (2000-2001) сияқты жауапты қызметтерді абыроймен атқарды.

2004 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін университет жанындағы «Құрылыс және көлік үдерістерін механикаландыру, автоматтандыру және технологиясы» ғылыми-зерттеу және жобалық-құрылымдық зертханасының директоры қызметін табысты атқарып келеді. Сонымен қатар, «Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру» кафедрасының профессоры ретінде жас мамандарды даярлауға зор үлес қосып жүр.

Ғалымның ғылыми-педагогикалық қызметі ауқымды әрі мазмұнды. Ол тек Қазақстанда ғана емес, шетелде де бәсекеге қабілетті жоғары білікті мамандарды даярлауға ықпал етті. Оның жетекшілігімен 10 техника ғылымдарының кандидаты мен PhD докторлары, сондай-ақ көптеген инженерлер мен магистрлар тәрбиеленіп шықты. Бұл – ұстаз еңбегінің нақты нәтижесі әрі ғылымдағы сабақтастықтың айқын көрінісі.

Серік Нұрақұлы ғылыми зерттеулерге де ерекше мән берген. Оның авторлығымен 500-ден астам ғылыми еңбек жарық көрген, оның ішінде 15 монография мен 15 оқулық бар. Бұл еңбектердің бірқатары мемлекеттік тілде жазылып, отандық ғылымның дамуына елеулі үлес қосты. Сонымен қатар, ол 50-ге жуық өнертабыстың авторы ретінде өндірістік саланың дамуына да ықпал етті.

Ғалымның құрылыс және көлік саласындағы нормативтік базаны жетілдірудегі еңбегі де ерекше. Ол 10-нан астам құрылыс стандарты мен нормативтік-техникалық құжаттарды әзірлеуге қатысып, 92 құжатқа түзетулер енгізуге, сондай-ақ оларды мемлекеттік тілге аударуға атсалысты. Бұл – еліміздегі техникалық құжаттаманы жүйелеу мен дамытуға қосылған маңызды үлес.

Сонымен қатар, Серік Нұрақұлы 20-дан астам ғылыми-зерттеу және инновациялық жобаларға жетекшілік етіп, ғылым мен өндіріс арасындағы байланысты нығайтуға елеулі үлес қосты. Оның ғылыми жұмыстары көлік жүйесін тиімді ұйымдастыру, тасымалдау үдерістерін жетілдіру және өндірістік технологияларды жаңғырту мәселелеріне бағытталған.

Серік Нұрақұлының өмір жолы – жас ғалымдар мен студенттер үшін өнеге. Ол – тек білікті ұстаз ғана емес, ғылымды дамытушы, өндірісті жетілдіруші, ұлттық кадрларды тәрбиелеуші тұлға. Оның еңбегі ел игілігіне бағытталған табанды қызметтің жарқын үлгісі болып табылады.

Бүгінгі таңда мұндай ғалымдардың тәжірибесі мен тағылымы жас буын үшін аса құнды. Өйткені ғылым мен білімнің дамуы – ел болашағының кепілі. Ал осы жолда аянбай еңбек етіп жүрген тұлғалардың бірі – Серік Нұрақұлы Нұрақов. Біз ғалымнан «Әділет» газеті үшін арнайы сұхбат алған едік.

• ҰСТАЗ ҰЛАҒАТЫ

Көлік саласының көрнекті ғалымы

«Ғылым шекара танымайды»

– Серік аға, өмір бар жерде өмірбаян бар. Қашан және қай жерде дүниеге келдіңіз?

– Мен 1939 жылдың 1 қаңтарында Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданының Құйған ауылында дүниеге келдім. Туған жерім – хош иісті даласы мен гүлге толы шалғындары бар, Ертістің салқын самалы есетін, алыстан Алтай тауларының сілемдері көрінетін ерекше өңір.

Балалық шағым оңай болған жоқ. Әкем Сталинград түбіндегі шайқаста қаза тапты, көп ұзамай анам да дүниеден өтті. Мені Нұрақ ағам тәрбиеледі. Ол білімді, рухани бай адам еді. Кішкентай кезімнен бастап оқу-білімге деген сүйіспеншілікті бойыма сіңірді. Әр тоқсан соңында менің табель-күнделігімді асыға күтіп, бағаларымды мұқият қарап, шын қуанып отыратын. Сол сенім мен қолдау мені алға жетеледі. Соның нәтижесінде мектепті күміс медальмен аяқтадым. Мектептегі достарыммен де әлі күнге дейін байланысымыз үзілген жоқ.

– Техника ғылымына келу жолыңыз қалай басталды? Сізге кімдер әсер етті?

– 1956 жылы Алматыдағы Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтының механикаландыру факультетіне оқуға түсіп, 1961 жылы үздік бітірдім. Сол кезде академик М.Р. Алшынбаев мені болашағы бар студент ретінде байқап, аспирантураға шақырды. Дегенмен мен алдымен өндірісте тәжірибе жинақтауды жөн көрдім. Бұл шешіміме ешқашан өкінген емеспін. Себебі дәл сол кезең мені шыңдады.Өз туған өлкеме пайдамды тигізгім келіп, Күршім ауданындағы «Қалғұты» совхозына жолдама алдым. Сол жерде механик-бақылаушы болып бастап, кейін Өскемендегі конденсатор зауытында бас маман деңгейіне дейін өстім.

1968 жылы Целиноград инженерлік-құрылыс институтына конкурс арқылы қабылданып, ғылыми-педагогикалық жолым басталды. Осы салаға шамамен 60 жыл өмірімді арнадым.1971–1974 жылдары Ленинградта аспирантурада оқып жүргенде ғылыми жетекшім, профессор М.Н. Лебедев менің ғылыми бағытымды анықтауға үлкен ықпал етті. Кейін 1996 жылы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті құрылды. Сол университетте әлі күнге дейін еңбек етіп келемін.



– Сіздің ең маңызды ғылыми жетістігіңіз қайсы?

– Мен үшін ең үлкен жетістік – нақты бір жоба емес, шәкірттерім. Көп жылдық еңбегімде көптеген жас мамандарды тәрбиелеп, бағыт бере алдым.

Олардың көбі ғылымда, білімде, өндірісте, бизнесте өз орнын тауып, үлкен жетістіктерге жетті. Қоғамға пайдасын тигізіп жүргенін көру – мен үшін ең үлкен марапат.

– Жас ғалымдарға қандай кеңес берер едіңіз?

– Қазір мемлекет ғылым мен білімге ерекше көңіл бөліп отыр. Ғылымның маңызы күн сайын артып келеді.Әрине, сұранысқа ие, болашағы бар мамандық таңдау маңызды. Бірақ ең бастысы – өзің сүйетін істі табу. Шынайы жетістік пен жаңалық тек өз ісін жақсы көретін адамнан шығады.

– Ғылым мен өндіріс байланысын қалай нығайтуға болады?

– Ғылыми жұмыстар өмірде қолданылатын, нақты сұранысқа ие болуы керек. Сондықтан өндіріс пен ғылым тығыз байланыста болуы тиіс. Осы тұрғыда дуальді білім беру жүйесі өте маңызды. Студенттер ерте бастан өндіріс ішінде тәжірибе жинауы керек. Мен мұны өз немерем Даниялдың мысалынан көріп отырмын. Ол Францияда оқып жүріп, оқу барысында алғашқы бөлшектерін жасап үлгерді. Нағыз маман осылай қалыптасады: білім, тәжірибе және қызығушылық арқылы.

– Жасанды интеллект пен автоматтандыру туралы пікіріңіз қандай?

– Жасанды интеллект адамға қарсы емес, керісінше, адаммен бірге жұмыс істеуі керек. Адам қателесуі мүмкін, ал жасанды интеллект дәлдік пен жылдамдықты арттырады. Бірақ оның да шектеулері бар. Сондықтан ең дұрыс жол – адам мен технология арасындағы тепетеңдік.

– Ғылыми жолыңыздағы ең үлкен қиындық қандай болды?

– Қиындық көбіне зерттеуден емес, оны жүзеге асыру жағдайынан туындады. Біз күрделі кезеңдерде жұмыс істедік. Сонда да мен әрдайым адалдық, тәртіп және табандылық қағидаларын ұстандым. Өмірімдегі ең үлкен тірек – жұбайым Чекаева Галиабану Гисметовна болды. Ол – ғалым, педагог, ұзақ жылдар кафедра басқарған тәжірибелі ұстаз. Оның еңбегі еліміздегі информатика саласының дамуына үлкен үлес қосты. Нақтырақ айтсам, Целиноград мемлекеттік педагогикалық институтында «Математиканы оқыту әдістемесі» кафедрасын 20 жылдан астам уақыт басқарды және жоғары білім беру саласының ардагері болып табылады. Оның жетекшілігімен 1985-1986 жылдары кафедрада «Информатика» атты жаңа мамандықтың қалыптасуы басталды. Бұл бағыт кейіннен қазіргі Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Ақпараттық технологиялар факультетінің негізіне айналды.

– Халықаралық ғылыми ынтымақтастықтың маңызы қандай?

– Ғылым шекара танымайды. Халықаралық байланыс – дамудың негізгі факторы. Бірлескен жобалар, тәжірибе алмасу, конференциялар – бәрі ғалымның деңгейін көтереді. Мен өзім де көптеген шетелдік әріптестермен жұмыс істедім.

– Алдағы 10-20 жылда техника ғылымы қалай өзгереді?

– Алдағы жылдары инженерия мен ғылым түбегейлі өзгереді. Олар бір-бірінен бөлек емес, біртұтас жүйе ретінде дамиды.Жасанды интеллект, автоматтандыру, цифрландыру, ақпараттық технологиялар үлкен рөл атқарады. Бірақ соның бәрінің негізінде іргелі білім қала береді.

– Әңгімеңізге рахмет!

ЕҰУ-ДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖОБАСЫ САТТІ АЯҚТАЛДЫ

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Халықаралық қатынастар факультетінің Шығыстану кафедрасында «Еуразиялық қауымдастық: XXI ғасырдағы бірегейлік» атты халықаралық білім беру жобасының салтанатты жабылу рәсімі өтті. Жоба Eurasia Foundation қолдауымен жүзеге асырылып, университеттің академиялық ынтымақтастығын дамыту мен халықаралық білім беру байланыстарын нығайтудағы маңызды кезең болды.



2026 жылдың көктемгі семестрі барысында бағдарлама Халықаралық қатынастар факультетінің шығыстанушы студенттері мен оқытушыларын еуразиялық бірегейліктің қалыптасуы, мәдениетаралық өзара іс-қимыл және қазіргі әлемдегі жаһандық трансформациялар мәселелері төңірегінде біріктірді. Курс пәнаралық тәсілмен ерекшеленіп, философия, саясат, мәдениет және халықаралық қатынастар салаларындағы жетекші сарапшылардың дәрістерін қамтыды. Бұл қатысушыларға еуразиялық кеңістікте жүріп жатқан үдерістерді жан-жақты әрі сыни тұрғыда түсінуге мүмкіндік берді.

Жоба қорытындысы бойынша марапаттау рәсімі өтіп, белсенді қатысушыларға курсты сәтті аяқтағаны туралы сертификаттар табысталды. Сертификаттарды Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Ардақ Бейсенбай табыстап, білім алушылардың жоғары деңгейдегі белсенділігін, академиялық қызығушылығын және осындай бастамалардың заманауи білім беру кеңістігін қалыптастырудағы маңызын атап өтті.

Жоба қатысушылар мен ұйымдастырушылар тарапынан жоғары бағаланды. Ол академиялық диалогты дамытуға, білім алмасуға және жастар арасындағы мәдениетаралық коммуникацияны нығайтуға арналған маңызды алаңға айналды. Мұндай жобалар жаһандану жағдайында тиімді жұмыс істей алатын және еуразиялық өңірдің тұрақты дамуына үлес қосатын жаңа буын мамандарын даярлауда ерекше рөл атқарады.

Жобаның аяқталуы атқарылған жұмыстың қорытындысы ғана емес, сонымен қатар халықаралық академиялық әріптестікті нығайтуға бағытталған жаңа бірлескен бастамалардың бастау нүктесі болды.

Айқара бетті әзірлеген «Әділет. Рухани жаңғыру» газетінің Астана қаласы мен Ақмола облысындағы арнаулы тілшісі
Балжан АРИНОВА

Әділет
zhangyru@mail.ru
Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық басылым

Меншік иесі:
“Tacc-Media” ЖШС директоры
Б. Т. БОТАБЕКОВ

Редакция алқасының төрағасы:
Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ *(Алматы)*
Бас редактор:
Мұратбек ТОҚТАҒАЗИН *(Астана)*
Редактор:
Қуанышбек БОТАБЕК

Ақпараттық қамсыздандыру және қауіпсіздік бөлімінің меңгерушісі:
Аманқұл КҮМІСБЕКҰЛЫ
Редакция алқасы:
Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК *(Алматы)*
Қали СӘРСЕНБАЙ *(Алматы)*
Қабыл ДҮЙСЕНБИ *(Шымкент)*
Жауынбек ӘБУОВ *(фототілші)*
Мекен-жайымыз:
Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Театр к-сі, 31-үй.
Байланыс үшін тел: 8 (7252) 56-11-70, +7 776 795 04 76
E-mail: **zhangyru@mail.ru**
Индекс: 64702

* Жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакциядан ресми рұқсат алу шарт.
* Кейбір суреттердің ғаламтордан алынуына байланысты олардың мазмұнына, сапасына редакция жауап бермейді.
* PR мақалалар жарнама ретінде жарияланады.
* Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.
* Басылым қазақ және орыс тілдерінде жарыққа шығады.
* Мақала жазбагерінің пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Оқырман хаттарына жауап жазылмайды. Қолжазбалар өңделеді, кері қайтарылмайды.
Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар ақылы негізде жарық көретіндіктен, оның мазмұны мен қатесіне тапсырыс беруші жауапты.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеліп, 2018 жылдың 15 ақпанында №16921-Г куәлігі берілген
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №16573-Г. 15.06.2017ж).
Газет ЖК “Print Sap” баспаханасында басылды. Шымкент қ-сы, Әлімқұлов көшесі, 22 үй.
Айына үш рет жарық көреді.
Таралу аумағы - Қазақстан Республикасы
Таралымы - 1800 дана.
Тапсырыс - 934

АРХЕОЛОГ-ҰСТАЗ МАДИЯР ЕЛЕУОВ

Мадияр ағамызбен алғаш кездескен сәт жадымда сақталып қалған-ды. Мектепті бітірген алғашқы жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетіне өтпей қалып, көкемнің бағыттауымен заң факультетінің кешкі бөліміне оқуға түстім. Алайда археолог болуды армандаған мен бір жылдай заң факультетін оқып болған соң тарихтың сыртқы бөліміне ауыстым. Сыртқы бөлімде тағы бір жыл оқып, күндізгі бөліміне ауысу қажеттігін түсіндім. Осы мәселемен С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің ректоры Ө.А. Жолдасбековтың қабылдау бөлмесіне кіруге нағашыммен бірге барып отырғанымда Мадияр ағаны алғаш жүздескен едім.

Танысып, сөйлесе келе Мәкеңнің ректорға Жамбыл облысы Шу ауданындағы Калинин колхозы аумағында орналасқан Ақтөбе қалашығына университеттің археологиялық зерттеу жұмыстарына жолсапарға аттану мәселесімен кіргелі тұрғанын естідім. Археологияға қызығатынымды және сол себеппен ауысып жатқанымды айттым. Ректор мақұлдаса тарих факультетінің күндізгі бөліміне ауысуға келіп отырғанымды, бәрі ойдағыдай болып шешіліп жатса университеттің археологиялық қазбасына ала кетуін өтіндім. Мәкең қарсы болмады. Осылай менің ҚазМу-дың тарих факультетінің күндізгі бөліміндегі алғашқы оқуым Шу өзеніне құятын Ақсудың жағасында орналасқан Ақтөбе қалашығында М.Елеуов ағамыздың басшылығымен жүргізілген археологиялық қазбадан басталды.



Профессор М.Елеуов сырлы ыдыстың ерекшеліктерін талдау кезі. Көне Тараз қалашығындағы қазба. 2014 ж. Түсірген М.Қожа.

Мадияр аға ол кезде тарих факультетінің археология, этнография кафедрасының лаборанты болып қызмет ететін еді. Ақтөбеге алғашқы қазбаға барғанымда Мәкең ортағасырлық қалашығының Ақсу өзенінің арғы бетіндегі Төртқүлде қазба жұмыстар жүргізді. Бірде біздің *(олардың ішінде сол кездегі студенттер, кейін тарих ғылымдары докторлары Мұрат Лаумулин, Әнуар Ғалиев, Мұрат Шәлекенов, т.б. бар)* осы қазба лушының соңынан ізбе-із жетіп барғандай күй кештік. Теңгелер моншаның соңғы қызмет жасаған мезгілін дәл анықтайтын артефактілер еді. Осы керемет моншаға қатысты сызбаларымды әлі де сақтап келемін.

Ақтөбедегі қазбалар барысында ең алдымен кесектен салынған құрылыстарды топырақтан ажыратумен қатар оларды сипаттау, құжаттау тәсілдерін меңгерумен айналыстым. Абдолла есімді жоғарғы курс студенті екеуімізге түрлі өлшемдер жасап сызбалар сызу жүктелетін. Мәкең зерттеу тақырыбы ортағасырлық бекіністер болған соң қабырғаларға кесінділер жасауды жақсы көретін. Ал кесіндінің зерттеудің аса маңызды ажырамас бөлігі екенін кез-келген археолог жақсы біледі. Кез келген қазба жүргізушінің есебін тыңдай отырып, оның зерттеуді шынайы жүргізгенін не болмаса қалай болса солай селқос жұмыс атқара салғанын, мәдени қабаттардың кесіндісінің суретіне, сипаттамасына қарап анықтауға болады. Кесіндісіз археологиялық зерттеуді ғылыми деп айту қиын.



Профессорлар М.Елеуов пен С.Жолдасбаев шәкірттерімен бірге. XXI ғ. басы.

Мәкең қай жағынан болсын бізге, студенттерге, сол кездегі бозбалаларға үлгі болды. Қазбадан қолымыз босағанда Мәкеңнің әскери флотта қызмет етіп, кememен жер шарын бір айналып шыққанын әңгімелегенін қызыға тыңдайтынбыз. Далалық экспедициялық қиыншылықтарды қасындағылармен теңдей бөлісіп келді.

Ақтөбе қалашығының қазбасына Мәкең өзіне ұстаз тұтқан бірнеше мықты археологтарды шақырғаны есте қалыпты. Солардың ішінде Мәскеу қаласынан келген Орта Азияның көптеген ескерткіштерінде қазба жүргізген ғылым докторы, профессор Вероника Леонидовна Воронина болды. Қарт археологтың кесек қабырғаларды тазалау үшін пышақ емес орнын ойдағыдай тазаламай шашып кеткенімізді көрген Мәкең бізге «жұмысты мұқсылманша таза істеу керек» деп ескерткені есімде. Мәкеңнің «қатаң» ескертуінен сабақ алған мен әр кезде қазба орнын жылан жалағандай етіп қоюға тырасатынмын. Ақтөбеде ертеортағасырлық қаланы қазу тәсілдерімен таныстым. Ақсу өзені бойындағы қалашық қазбасына университетті оқып тәмамдағанша жылма-жыл, тіпті 1984 жылдың жазында Шымкент педагогикалық институтында оқытушы болып жүргенімде де бардым.

Ақтөбеде Мәкең тікелей қазбаға басшылық етуімен небір тамаша ескерткіштер ашылды. Бірде Мәкең қасына ертіп алып, велосипедтермен қалашықты кезіп, су қоймасы түсетін аймақты қазуға қажетті нысана іздегеніміз, шағын төбешіктердің ішінен мынаның бетінде ганч бөліктері кездеседі деп таңдаған орнымыздан қазба барысында жүзімді сығып шарап, шырын жасайтын сирек орынның шыққаны есімде. Бұл маған бір жылдық студенттік зерттеуіме азық болып курс жұмысын жаздым. Екінші бір есте ерекше қалатын жәйт, Ақтөбе қалашығының орталық бөлігінен күйдірген кірпіштен салынған шағын элиталық моншаға тап болғанымыз. Оны тазалау барысында есік алды сөресіне сол заманғы моншаға түсушілердің бірнеше теңге тастап кеткенін көріп таң қалған жайымыз бар. Құдды бір сол заманға еніп кеткендей моншаға соңғы шомышотты қолданғаны, ерекше қарапайымдығы, бұрқыратып темекі тартатыны, біраз уақыт аспазшымыз болмай қалған жағдайда баршамыз үшін өз қолымен тәжіктің түрлі тағамдарын дайындап бергені мені қатты таңғалдырды.

Мәкең бізді таяу жердегі тарихи орындарға апарып танысуымызға мүмкіншілік берді. Жамбыл облысының көптеген ескерткіштерін студент кезімізде-ақ аралап шықтық. Бірде Бішкек *(бұрынғы Фрунзе)* қаласына апарып ондағы көрнекті жерлерді, музейлерді аралатты, атақты археолог Дмитрий Федорович Винникпен таныстырды. Ол кісі де бізді балашаға демей қырғыз астанасындағы музейдің көрмесіне әлі де қойылмаған олжаларын көрсетіп, кейін Бұрана қалашығының *(байырғы Баласағұн)* қазбаларын таныстырды. Не деген кішіпейілділік, зиялылық, қандай интеллигент адамдар десеңізші. Осындай шынайы оқымыстылармен аралас-құралас болған Мәкеңе де қарапайымдылық тән.

Кейін Мәкең күллі Қазақстанға танымал археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор лауазымдарын алып болғанда да бәз-баяғы қалпынан айныған емес. 1999 жылы маған сыйлаған өзінің докторлық диссертациясының авторефератына жазған мына бір тілегі «Мұхтарға! Шәкірті ұстаздан асқан ел бақытты» деп жазғаны Мәкеңнің шәкірттеріне деген көңілін аңғартады.



Түлкібас ауданында зерттеу жүргізіп жүрген профессор М.Елеуов пен Д.Ф.Винник. 2004 ж.

Археология саласындағы ғылыми зерттеушілікті оқытушылықпен ұштастыра білу қабілеті көпшілік археологтың қолынан келе бермейтін қасиет екені белгілі. Осы тұрғыда Мәкеңнің 2007 ж. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіндегі Тұран баспаханасында жарияланған «Археологиялық зерттеулердің әдістері: Жоғары оқу орны студенттеріне арналған оқу құралы» Қазақстанда археологиялық зерттеу тәсілдері жөнінде қазақ тілінде шыққан жалғыз оқулық екенін айта кету керек. 1997 жылы «Ыдыс-археологиялық дерек» атты керамика жөніндегі басылған еңбегі маман археологтар үшін де, археологиядан маманданған студенттермен қатар кез келген музей қызметкері үшін де аса қажетті құрал. Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ-да Археологиялық ғылыми-зерттеу орталығын құруға атсалысқан және оның 2001-2008 жж. директоры болған т.ғ.д., проф. М. Елеуов болып табылады. Жәй директор болған жоқ, Түркістандағы жеке дара археологиялық мектептің негізін қалаушы десем болады. Мәкеңнің басшылығымен Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ-дың алғаш археологиялық және этнографиялық музейі жасақталды, аспан астындағы ашық ескерткіштер алаңы жасақталды, Түркістан облысындағы Түлкібас ауданы археологиялық картасы жарық көрді. Сауранда жүргізілген қазбалар барысында Қазақстан археологиясында бірінші болып ортағасырлық қаланың қақпасы мен оның алдындағы көпірі аршылды. Осыдан кейін Мәкең үлгісімен Отырар мен Сығанақ қалалары орындарында қақпа қалдықтары ашылып, олар тартымды туристік насындарға айналды.

Менің Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ-ға орныуыма ағаның үлесі зор болды. Отырар музейінде жұмыс жасап жүрген кезімнен студенттерге дәріс оқуға шақыртты, докторлық диссертация жазуыма жағдай жасап, университет баспасынан Отырарға қатысты бір монографиямды шығарып берді. Мадияр ағаның шақыруымен 2014 жылы Тараз ескерткіштерін зерттеу жұмыстарына қатысып, көне қаланың археологиясынан аз да болса хабардар болдым. Ұстазыма алғысым шексіз.

Мәкеңнің Қазақстан археологиясына ерекше қосқан үлесі көптеген жаңа ескерткіштерді тауып, ғылыми айналымға қосуында. Дәл Мадияр Елеуовтей оңтүстіктің шыжыған күнінің астында Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан *(қазіргі Түркістан)* және Қызылорда облыстарының құмы мен даласын, сай-қырын, тау-тасын аралап бұрын-соңды беймәлім болып келген көптеген жәдігерлерді ғылыми тұрғыдан сипаттап, сызбасын сызып, фотоға түсіріп, орындарын нақтылап ғылыми айналымға енгізген археолог жоқ десе де болады.

Тарихи-мәдени мұраның нағыз жанашырларының бірі Өзбекәлі Жәнібековтің де Мәкеңнің археологияға сіңірген еңбегі жөнінде жақсы білетініне 1996 жылдың ақпан айында Өзекеңе барғанымда куә болдым. Жаңа шыққан авторефератымды көрсеткенде Өзбекәлі аға: «Сағаң ресми сарапшылар ретінде танымал ғалымдарды Оразақ Ысмағұлов пен Мадияр Елеуовты бекітіпті. Бұл кісілердің тарих пен археологияға қосқан үлесін көпшілік біледі» дегені есімде. Ол кезде Мәкең әлі ғылым кандидаты болатын.

Мәкеңнің ғылым төріне оңай, жеңіл жолмен бармағаны анық. Қалаға ауылдан келген қазақтың бірі болып небір қиыншылықтарды басынан өткерді. Жылдар бойы ұстазымыз көп балалы отбасы болып, жатақхананың тар бөлмесінде қорап-қорап кітаптарымен бірге қысылып, қымтырылып ғұмыр кешкенін көзбен көрдік. Бірде археологиялық ескерткіштер жөнінде кітапша дайындап Мәкеңе «Сізді автордың бірі етіп жазайын дегенімде, «бірде-бір сөзін жазбай сенің брошураңа қалай ортақтасамын» деп бас тартқаны есімде. Мәкеңнің осы сөздерінен адам бойында сирек кездесетін шыншылдығы, тазалығы, біреудің ала жібін аттамайтындығы көрініп тұр. Мәкең осы қасиеттерін ту етіп, ғылымның биігіне өзінің кіршіксіз адал еңбегімен шыққан ғалым. Ағаға зор денсаулық, жаңа шығармашылық табыстар тілеймін.

Мұхтар ҚОЖА,
тарих ғылымдарының докторы,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
халықаралық
қазақ-түрік университетінің
профессоры.

ЖАСТЫҚ ШАҚТЫҢ ДӘПТЕРІНЕН



Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК,
Қазақстанның еңбексіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты,

Мұңайған ақ қайыңға айналамын

Сыңарынан айырылған аққудаймын,
Ақ айдында жалғыз қап қаңқылдаймын.
Сұм тағдыр екеумізді екі бөлді,
Ақ тұман таусылмайтын жаттың қайғым.

Қол жетпес биік болдың, қайран айым,
Мұңайған ақ қайыңға айналамын.
Өзіңді аялайтын бір адам бар,
Қор болма бір жаманға, айналайын!

Ылайық жан едің сен сыйға лайым,
Жүректе саған деген күй бар, айым!
Сәбидей пәк жүзіңді мұң шалмасын,
Қиналсам мен-ақ, жаным, қиналайын.

Аңсаумен өзіңді тек тапқам қайғы,
Алдыңда кінәм да көп, ақталмаймын.
Аққуым ақыры бір түсінерсің,
«Ah!» ұрып қалғандаймын, ақ маңдайым!

САҒЫНАМЫН МЕН СЕНІ

Қырмызы көктем келгенде,
Қызғалдақ қырда тергенде
Сағынамын мен сені!

Ақ қайың сырын шерткенде,
Күміс ай нұрын төккенде
Сағынамын мен сені!
Ақ нөсер құйып өткенде,
Самал жел желпіп өпкенде,
Сағынамын мен сені!

Күз-жеңешем келгенде,
Гүл бағына енгенде
Сағынамын мен сені!
Қаңқылдап қаздар қайтқанда,
Сағыныш әнін айтқанда
Сағынамын мен сені!

ҮМІТІМДІ ҮЗБЕЙМІН

Ақ ниетті адамдардың арасынан іздеймін,
Ақ балтырлы қайыңдардың даласынан іздеймін.
Сенен, жаным, үмітімді үзбеймін,
Сарғалдақты сары белден іздеймін.

Сағыныштан сарғайған мен күздеймін,
Сынарымсыз айдынымда жүзбеймін.
Сахарада сусыз қалған шөлдеймін,
Сонда-дағы өзің барда өлмеймін!

СҮЙЕ ТҰРЫП, ҚОСЫЛМАУ ҚИЫН ЕКЕН...

Мына өмір шешілмеген түйін екен,
Сүйе тұрып, қосылмау қиын екен.
Өкініштен қарайып мұз шайнаймын,
Аяулым, сендей асыл бар ма екен?

Өткенді ойлап, өкініп жылайсың ба?
Көздің жасын көл қылып бұлайсың ба?
Ұмытып әлде мені мәңгілікке,
Құшағына өзгенің құлайсың ба?!.

Осы өмір осылайша өтер ме екен,
Түбіме ақ жүректің жетер ме екен?
Бірақ та сені сүйер бір адам бар,
Баз кешіп бұл фәниден кетер ме екен?!

СЕНІ ІЗДЕЙМІН

Арасынан айлардың сені іздеймін,
Үмітімді – нәзік жіп әлі үзбеймін.
Көрмегелі өзіңді күндер өтті,
Мен сырқатпын, түн бойы көз ілмеймін.

Жайсыз сөздер, хабарлар жетіп жатыр,
Жүрегімді тілгілеп өтіп жатыр.
Жалғыз қалған жандай бір ен аралда,
Жапан түзде мен бейне жетім пақыр.

Жүрегімнің лүпілі – жайна ләйім,
Аға деген сөзіңнен айналайын!
Жүрегіме соңғы рет бір үңілші,
Жаныңа жетіп барып, жайланайын.

СЕЗІМБІСІҢ МӨП-МӨЛДІР СҰЛУ ТЕРЕҢ

Атыңнан айналайын, Ару Берен,
Сезімсің мөп-мөлдір, сұлу, терең.
Әлде сен күлімдеген күн боларсың,
Өзіңмен бұл өмірді сүру ерен.

Өзіңе арнап өлмес өлең өрем,
Бәрін білем, көкешім, бәрін білем.
Түсімде өрімдейін сені көрем,
Сыртыңнан еш болмаса көрейін деп,
Қанбақтай қаңғалақтап ұшып келем.

Көлімнің тұнығы деп сені білем,
Құдайдан аманыңды сұрап жүрем.
Сыртыңнан саған ғашық бір адам бар,
Сыр бермей, ішімнен тек жылап, күлем.